



## СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІ ДАМУҒА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРЕДІ

Президент Жапония Премьер-министрінің арнаулы кеңесшісі, Парламент Өкілдер палатасының депутаты Акихиса Нагашиманы қабылдады.

— Қазақстан Жапониямен стратегиялық серіктестікті дамытуға ерекше мән береді. Екі ел арасында достық пен өзара түсіністікке негізделген тығыз ынтымақтастық орнаған. Біз «Қазақстан мен Жапонияның арасы алыс болғанымен, достығымыз берік» деп айтамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және ғылыми-техникалық байланыстарды кеңейтуге айтарлықтай әлеует бар екеніне тоқталды. Президент Қазақстан экономикасына тартылған жапон инвестициясының көлемі 8 миллиард доллардан асқанын айтты. Сондай-ақ еліміздің шетелдік инвесторларға, соның ішінде Жапонияның озық

компанияларына қолайлы жағдай жасауға дайын екенін атап өтті.

Арнаулы кеңесші Президентке Жапония Премьер-министрі Шигеру Ишибаның ыстық ықыласын жеткізді, сонымен қатар Токионың қазақ-жапон сан қырлы қарым-қатынасын одан әрі жандандыруға бейілдігін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Акихиса Нагашима жоғары деңгейдегі саяси диалогты нығайтудың маңызын атап өтіп, сауда, энергетика, көлік, білім беру, мәдени-гуманитарлық салаларындағы, сондай-ақ климаттық өзгеріс мәселелері бойынша екіжақты өзара ықпалдастықты тереңдетудің перспективасын талқылады.

## АБАЙ АЛАШ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ҰСТАЗЫ БОЛДЫ

«Бір данышпан «Жақсы әфсанасыз ұлы халық болмайды» депті. Қазақ халқы әфсанасының көмбесі – Абай мұрасы екені талассыз. Әсіресе, қазіргі алмағайып заманда қоғам ұлы Абайдан нәрленуге, сол арқылы болмысы бөтен ой-танымдарға қарсы иммунитет қалыптастыруға зәру.



→ 8

## ЖҮРГІЗУШІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ НЕГЕ ТӨМЕН?



Еліміздегі жол-көлік қозғалысына қатысты ахуал мәз болмай тұр. Соның ішінде ішімдік ішіп рөлге отыру, жүргізуші куәлігінсіз көлік жүргізу, жылдамдықты шектен тыс арттыру, жол қозғалысы ережесін ерескел бұзып, қауіпті жағдай тудыру сияқты жағдаяттар аз емес.

→ 4

## ТІЛДЕР «ӨСУ НЕ ӨШУ»

### ЖОЛАЙРЫҒЫНДА ТҰР

Дүниежүзіндегі тілдердің үлкен бөлігі жойылып кетпек. Бұл ғасырда Жер бетіндегі қазіргі тілдердің 40%-ына, кейбір дерек бойынша 90%-ына құру қатері төнді. Аустралия ұлттық университетінің (ANU) ғалымдары әлемде 2 апта сайын 1 тіл өлетінін анықтады. Салдарынан адамзат мәдени әралуандылықтан айырылып барады. Қауіп аймағындағы тілдердің арасында қазақ тілі бар ма?



### ТІЛДЕР НЕГЕ «ӨЛЕДІ»?

Аустралия ұлттық университетінің (ANU) ғалымдары өз зерттеуінде адамзат «тілдер жаппай жойылатын» зұлмат заманға кіргенін ашық айтады. Бүгінде 7 мыңдай тілдің 40%-дан астамына түпкілікті тарих еншісінде қалу қаупі төніп тұр. Соңғы 60 жыл ішінде бүкіл әлемде бұрын болған тілдердің 30%-дан астамы бүгінде жоғалғаны атап өтілді.

(Жалғасы 12-бетте)



## БАЛАЛЫ БОЛҒАН БАЛАЛАР

Атырауда былтыр 127 мектеп оқушысы жүкті болып қалды. Бұл – алып-қашпа әңгіме емес, кәдімгі ресми мәлімет. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы «жабық» ақпаратты растап отыр.

→ 6-7



## СЫРТЫЛДАЙДЫ ӨТЕ АҚЫЛДЫ САҒАТТАР

Жақында Солтүстік Каролина университеті Медицина мектебінің ғалымдары смарт сағаттар жүрегі дімкәс науқастардың уайымын күшейтті дейтін қызықты зерттеу нәтижесін ұсынды.

→ 16

## САЯСАТ

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

# АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттар бірінші оқылымда азаматтық қорғау мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді қарайтын болады. Ұсынылған нормалар азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін көтеруге, адамдар көп жиналатын нысандарды пайдалануға беру кезінде өрт қауіпсіздігін бақылауды қайтаруға бағытталған. Сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілерді жаңғырту және техникалық қайта жарактандырудың жиынтық жоспарын келісу, сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету нормаларын анықтау көзделген.

Жалпы отырыстың күн тәртібіне Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері арасындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметін реттеу туралы келісімді рати-

фикациялау туралы заң жобасы да енгізілді. Құжат өндіріс пен кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласындағы ынтымақтастықты арттыруға, отандық тауарлар мен қызметтердің экспорттық әлеуетін арттыруға, инвестиция тартуға және жалпы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды жақсартуға бағытталған.

Сондай-ақ палата «Жасанды интеллект туралы», «Топырақ қорғау туралы» жаңа заң жобаларын, көмірсутектер мен уран саласындағы жер қойнауын пайдалануды жетілдіру мәселелері бойынша «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске енгізілетін заңнамалық түзетулерді, Қазақстан—Өзбекстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы заң жобаларын жұмысқа алады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 2024 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша алқа отырысы өтті. Оған Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы Бақытжан Сариев, Президент Әкімшілігінің лауазымды тұлғалары, Парламент депутаттары, Мемлекеттік қызметтің өңірлік хабы, қоғамдық ұйым өкілдері, агенттік жанындағы алқалы органдардың мүшелері қатысты.

Агенттік төрағасы Дархан Жазықбай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік қызметті жаңғырту бойынша алға қойған міндеттердің сервистік және адамға бағдарланған қағидаттары негізінде жүзеге асырылып жатқанын айтты.

Былтыр агенттіктің бастамасымен мемлекеттік қызметті жетілдіруге байланысты «Мемлекеттік қызметі туралы» заңға 7 заңмен өзгерістер енгізіліп, 26 нормативтік-құқықтық акті қабылданды.

Мемлекеттік қызметтің гибридті моделі негізінде мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, тиімді HR-құралдарын енгізу, мемлекеттік органдардың кадрлық әлеуетін нығайтуды көздейтін Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024—2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдамаға сәйкес агенттік «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заң жобасын әзірледі. Жаңа заң мемлекеттік қызметтегі еңбек

## АЛҚА ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



қатынастарымен қатар қоғам мен мемлекеттік аппараттың өзара іс-қимылының жаңа парадигмасын реттейді. Сондай-ақ іріктеу жүйесін жаңғырту, ерте кәсіби бағдарлау механизмдерін енгізу, горизонталды өсу мүмкіндіктерін қарастыру, қызметшілерге әлеуметтік кепілдіктерді жақсарту мәселелерін қайта қарау көзделген. Заң жобасы аясында 70-ке жуық заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілер жаңа редакцияда әзірленеді.

Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметке кірудегі артық кедергілерді жоюға бағытталған жұмыстардың нәтижелеріне тоқталды. Агенттіктің келісімі бойынша жеке және квазимемлекеттік сектордан 184 маман басшы лауазымдарға тікелей тағайындалды. Соңғы екі жылда жоғары оқу

орындарын үздік бітірген 445 түлек конкурс өткізілместен аудандық және ауылдық деңгейдегі лауазымдарға жұмысқа орналас-тырылды. «Бұл білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тартуға және шалғай өңірлердегі кадр тапшылығын шешуге оң ықпалын тигізуде», — деді агенттік төрағасы.

Мемлекеттік қызметтегі онлайн іріктеу жүйесі жоғары тиімділікті көрсетті. Автоматтандырылған eQuzmet 68 мемлекеттік органда сәтті іске асырылып, биыл қалған 26 мемлекеттік органдарға енгізу аяқталады. Бір бос орынға жарияланған конкурста үміткерлер дәстүрлі іріктеумен салыстырғанда орта есеппен бір жарым есеге артты.

Агенттік Мемлекет басшысының бюджеттен қаржылан-

дырылатын мекемелердің кадр қызметін толық автоматтандыру бойынша тапсырмасын іске асыру мақсатында Бірыңғай кадр жүйесіне 37 мемлекеттік органның 500 мыңнан астам адам қызмет атқаратын 2 400-ге жуық ведомстволық ұйымды қосу бойынша жұмыстар жүргізуде. Бірінші кезеңде 8 мемлекеттік органның 19 ұйымы қосылды.

Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметтегі кадрлық процестерді цифрландыру аясында eQuzmet жүйесінде цифрлық рейтинг модулі іске қосылғанын айтты. Модуль электрондық жеке істердің деректері негізінде саяси және «А» корпусы лауазымдарына жоғары тәжірибесі мен біліктілігі бар әлеуетті үміткерлердің тізбесін жасауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ агенттік төрағасы, 2024 жылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді бақылау іс-шараларының қорытындысы бойынша 150 мыңнан астам бұзушылық анықталғанын, оның 37%-ы қашықтықтан жүргізілген мониторинг арқылы белгілі болғанын айтты. Бұл тәжірибе мемлекеттік органдардың жауапкершіліктерін арттырып, проактивті жұмыс істеуге өз септігін тигізеді.

Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту бойынша жүргізілген талдау және мониторинг жұмыстары нәтижесінде 2024 жылы төтенше жағдайлар, энергетика, су ресурстары және ирригация салалары бойынша әзірленген 260 ұсыныс Үкімет аппаратының қарауына енгізілді.

Бәсекеге қабілетті мемлекеттік қызмет пен оған қажетті құзыреттіліктерге ие мемлекеттік қызметшілерді даярлау маңыздылығын ескере отырып, Біріккен Араб Әмірлігінде 32 қызметші оқытудан, Түркия Республикасында 35 мемлекеттік қызметші тағылымдамадан өтті. Агенттік пен АҚШ-тың Кадрлық қызмет офисінің меморандумы аясында 57 қазақстандық төтенше жағдайлар мен жергілікті табиғи ресурстарды қорғау саласының басшылық құрамы үшін дағдарысты басқару бойынша онлайн оқу семинары өтті.

Агенттік төрағасы Мемлекет басшысының ауыл және аудан әкімдерінің біліктілігін арттыру бойынша берілген тапсырмасына сәйкес Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында озық тәжірибелерді ескере отырып, бұл міндетті сапалы орындау тәсілдерін пысықтау қажеттілігіне тоқталды.

Дайындаған Мейір ЖАСЫН

## БАҒДАР

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

## РЕФОРМА – ІЛГЕРІ БАСТАЙТЫН ҚАДАМ



Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының жиыны барысында депутаттар Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысының ел дамуына қатысты берген тапсырмаларын іске асыру және заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету мәселелерін талқылады. Мәжілісмендер ел экономикасының нақты мәселелерін шешу және азаматтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында алға қойылған барлық мақсат-міндеттің маңызын атап өтті.

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Президент қазіргі жаһандық сын-қатерлерді ескере отырып, жаңа ауқымды жаңғырту бастамасын ұсынғанын атап өтті. Онда ірі инфрақұрылымдық жобалар, цифрландыру және жасанды интеллект, атом энерге-

тикасын дамыту, АӨК-ті нығайту, инвестиция тарту мәселелері қамтылды.

«Президент ұсынған реформалар экономикадағы және өзге де салалардағы бұрыннан бар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. «АМАНАТ» партиясы еліміздің жетекші саяси күші ретінде Мемлекет

басшысының барлық тапсырмасын жүйелі жүзеге асырудың қозғаушы күшіне айналуға тиіс. Оның бәрі азаматтардың тұрмысын жақсартуға бағытталған. Біз реформалардың ілгері бастайтын қадам екенін қоғамға дұрыс жеткізіп, қазақстандықтарды Қасым-Жомарт Тоқаев ұстанған бағыт төңірегінде топтастыруымыз керек», – деді ол.

Сондай-ақ «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Үкіметтің ҚКС мөлшерлемесін арттыру және оны қолдану шегін төмендету жөніндегі ұсынысы аясында жаңа Салық кодексіні әзірлеу бойынша атқарылып жатқан жұмыс тәсілдеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Бейінді комитет халықаралық тәжірибені, сондай-ақ оның экономика мен бизнес-ортаға әсерін саралай отырып, осы нормалар бойынша нақты ұстаным әзірлеуге тиіс.

Сонымен қатар қысқа мерзімде депутаттар жер қойнауын пайдаланушылар үшін түсінікті және ашық заңнамалық негіз құру, экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды, энергетика мен ауыл шаруашылығын дамыту жөнінде шаралар қабылдауы керек. Бұл қадам елімізге шетел инвестициясын тартуға және қосымша жұмыс орындарын құруға жол ашады.

Бұған қоса, Ерлан Қошанов әкімдер корпусы атқаратын жұмыстың тиімділігін арттыру мәселесіне баса назар аударды.

«Мемлекет басшысы сайланған әкімдер мен түрлі деңгейдегі басшыларды кешенді дайындықтан өткізудің маңызын атап өтті. Президент «Әкімдер мектебі» оқыту жобасын іске қосуды тапсырды. Сонымен қатар ол осындай жұмыс жүргізіп жатқан «АМАНАТ» партиясының тәжіри-

бесін ерекше атап өтті. Сайланған әкімдер сайлаушылардың сенімін ақтауға, атқарушы билік жүйесінде жұмыс істеу үшін қажетті құзыретке ие болуға тиіс. Партия Үкіметпен бірге осы міндетті орындауға дайын», – деді Ерлан Қошанов.

Жиын барысында Президент тапсырмаларын жүйелі жүзеге асыру ісіне қатысты партия фракциясының мүшелері де сөз сөйледі. Нұртай Сабильянов инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шаралар туралы баяндады, Асхат Аймағамбетов МӘМС жүйесін жаңғырту және білім беру саласын одан әрі дамыту мәселесіне тоқталды, Ерлан Саиров әлемдік саясаттағы өзгерістерге бейімделуге және Президент тапсырмаларын іске асыру жөніндегі жұмысқа қоғамды барынша көп тартуға шақырды. Өз кезегінде Болатбек Нәжіметдинұлы ауыл шаруашылығында барынша тиімді дақылдарды өсіруге басымдық берілуі керек екенін жеткізді, Дүйсенбай Тұрғанов елімізде бірнеше АЭС салудың маңызын атап өтті, Татьяна Савельева тиімсіз шығындарды онтайландыруға және бюджет қаражатын толық үнемдеу қағидатына көшуге тоқталды.

Жиынды қорытындылай келе, Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов «АМАНАТ» фракциясы Президент алға қойған міндеттерді іске асыруға құқықтық негіз болатын заңдардың уақтылы әрі сапалы әзірленуін қамтамасыз етуге тиіс екенін атап өтті. Барлық заң қоғамның ұстанымын және экономикадағы проблемаларды нақты шешуді ескере отырып қабылдануы керек. Бұл – депутаттардың халық пен Мемлекет басшысы алдындағы тікелей жауапкершілігі.



## ТАЗА ТАБИҒАТ – ТАЗА БОЛАШАҚ



Еліміздің әр аймағында экологиялық мәдениетті дамытуға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «АМАНАТ» партиясының «Таза бейсенбі» акциясы кеңінен қолдау тауып келеді. Бұл бастама Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында жүзеге асырылуда.

Ақтөбе облысы Хромтау ауданында аудандық мәслихат депутаттары, партия филиалының қызметкерлері және «Жастар Рухы» ЖК еріктілері жалғызбасты қариялардың ауласын қардан тазалап, Ұлы Отан соғысы жауынгерлеріне арналған ескерткіштің аумағын ретке келтірді.

«Осы жолы зейнеткер Жұмасұлу Үркімбаеваның ауласын қардан тазарттық. Партияның қолға алған акциясы аясында аудандағы 70-тен астам «Жастар Рухы» ЖК

еріктілері жалғызбасты қарияларды қамқорлыққа алып, тарихи ескерткіштерге тазалық жұмыстарын ұйымдастырып отырады», – деді Хромтау аудандық мәслихат депутаты Фархад Сағынбаев.

Ал Абай облысы Көкпекті ауданында партияның белсенділері мен депутаттар Жеңіс саябағын қардан тазалап, бірнеше техниканың көмегімен 50 тонна қар шығарды.

Ақмола облысы Қосшы қаласында да тазалық жұмыстары

жүргізілді. «АМАНАТ» партиясы филиалының ұйымдастыруымен Рақымжан Қошқарбаев атындағы саябақ қардан тазартылды. Акция барысында 192 текше метр қар шығарылып, игі іске партия белсенділері, депутаттар, мекеме қызметкерлері, ауыл тұрғындары мен жастар қатысты.

«Қыстың қары көп болғанымен, осындай сенбіліктердің арқасында қаламыз таза әрі қауіпсіз болып отыр. Қоғамдық іске атсалысқан барша жандарға алғысымыз шексіз», – деді Қосшы қаласының тұрғыны Дариға Берденова.

Игі істен Ұлытау облысы да тыс қалған жоқ. Сәтбаев қаласында «Диагностика» бастауыш партия ұйымының мүшелері мектеп ұжымымен бірігіп, тазалық жұмыстарын жүргізді. Экоакцияға барлығы 25 адам қатысты.

Қызылорда облысы Жалағаш ауданында партия белсенділері Ұлы Отан соғысы ардагері Аяған Боханов атындағы көшеде тазалық жұмыстарын жүргізіп, аумақты қоқыстан арылтты.

«Бүгінге дейін жоспарға енгізілген аудандағы түрлі орынға тазалық жұмыстары жасалып, 6 тоннаға жуық күл-қоқыс шығарылды. Туған өлкемізді абаттандырып, таза ұстау – баршамызға ортақ парыз. Біз осы экологиялық акцияны ұйымдастыру арқылы тұрғындарға, соның ішінде еліміздің келешегі жастарға үлгі

көрсетіп келеміз», – деді Жалағаш аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева.

Сонымен қатар Павлодарда №11 орта мектепте оқушылар мен мұғалімдер құстарға арналған қорек салғыштарын орнатып, табиғатты қорғау шараларына өз үлестерін қосты.

«Қазақстанда экологиялық мәдениет мәселесі өткір тұр. Мұндай акциялар – ойлау жүйесін өзгертудің алғашқы қадамы. Дамыған елдерде табиғатты қорғауды балабақшадан бастап үйретеді, бізге де осы тәжірибені енгізу қажет», – деді эколог Зарина Серғазина.

Бұдан бөлек, Маңғыстау облысы Шетпе ауылында ардагерлер үйі мен «Досан батыр» ескерткі-

шінің аумағы тазаланып, 500 келі қоқыс шығарылды.

Ал Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданында 17 жалғызбасты қарияға көмек көрсетілді. Белсенділер олардың ауласын қардан тазалап, игі іске өз үлестерін қосты.

Еліміздің басқа өңірлерінде де белсенділер саябақтар мен өзенкөлдердің айналасында тазалық жұмыстарын жүргізді.

«АМАНАТ» партиясының «Таза бейсенбі» акциясы – табиғатты қорғауға бағытталған маңызды бастама. Әр бейсенбі еліміздің жасыл болашағын құруға үлес қосып, экологиялық мәдениетті дамытуға шақырады. Айта кетейік, экоакция басталғалы 50 мың тонна қоқыс шығарылып, игі бастамаға 90 мың адам қатысты.



Бетті дайындаған Ә.САМАТҰЛЫ

## МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

# ЖҮРГІЗУШІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ НЕГЕ ТӨМЕН?

Еліміздегі жол-көлік қозғалысына қатысты ахуал мәз болмай тұр. Соның ішінде ішімдік ішіп рөлге отыру, жүргізуші куәлігінсіз көлік жүргізу, жылдамдықты шектен тыс арттыру, жол қозғалысы ережесін өрескел бұзып, қауіпті жағдай тудыру сияқты жағдаяттар аз емес. Мәжілістің осы сәрсенбі күнгі Жалпы отырысында жүргізушілердің жауапкершілігі туралы проблема көтерілді. «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Данабек Исабеков жүргізуші куәлігін беру мәселесі туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жасұлан Мәдиевке депутаттық сауал жолдады.

## А Нұрлан ОРАЗҒАЛИ

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында жүргізушілерді даярлау деңгейінің де төмендеп кеткенін, соның салдарынан жол апаттары көбейіп кеткенін, бұл мәселе қоғамның зор алаңдаушылығын туғызып отырғанын атап өтті.

Қазір жол апатының өзектілігі артып, жыл сайын дүниежүзінде 1,19 миллион адам жол-көлік оқиғасынан көз жұмады. Қазақстандағы көрсеткіш те жоғары. 2024 жылы 31,5 мың жол-көлік оқиғасы болып, соның салдарынан 2,3 мың адам бақилық болды. Жол апаттары жылдамдықты шамадан тыс арттыру, мас күйінде рөлге отыру және ережені сақтамай көлік жүргізу салдарынан жиі жол апаттары болады. Бұл дегеніміз, көлік жүргізушілер арасында жауапкершілік төмендеп, жолда жүру ережесін сақтамайтындыр көп», — делінген депутаттық сауалда.

Осы ретте Ішкі істер министрлігінің деректеріне көз жүгіртсек, былтыр жол апатынан 2 345 адам қаза тауып, 33 мыңнан астам адам жарақат алған. Адам өліміне әкелетін жол-көлік оқиғаларының 50%-ы ауылдық жолдарда болады. Өйткені жолдар тар, көпшілігі ескі стандарттар бойынша екі жолақты және ені 7 метр етіп салынған. Олардың тек 3%-ында ғана 4 және одан да көп жолақ бар екен, бұл дегеніміз — 95 мың шақырымның 3 мың шақырымы ғана. Сондықтан да өңірлердегі елді мекендерде инфрақұрылымды дамыту қажет. Ведомство атап отырған бір жайт: жол-көлік оқиғаларында қаза тапқан әрбір төртінші адам жаяу жүргіншілер екен.

«Еліміздегі жол-көлік оқиғаларының көбеюіне бір себеп — автокөлік паркінің қарқынды өсуі. 5 жыл ішінде ол 3,9 млн-нан 5,2 млн бірлікке дейін 26%-ға өсті. Сондай-ақ жүргізушілердің жауапкершілігінің төмендігі де өз әсерін тигізіп отыр. Өйткені ЖКО-ның 90%-ы жүргізушілердің кінәсінен болады. Министрлік жолдардағы тәртіпті қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыстар атқаруда. Полиция қызметкерлері соңғы 11 ай ішінде шамамен 11,5 миллион жол ережесін бұзу деректерін анықтады. Соның ішінде 2024 жылы еліміздің жолдарында 18 200 мас жүргізуші ұс-

талып, қайғылы оқиғалар болуына жол берілмеді. Олардың барлығы жүргізуші куәлігінен айырылды. Былтыр сондай-ақ жедел алдын алу шаралары барысында көлікті жүргізуші куәлігінсіз басқарған 5 520 адам анықталып, жауапкершілікке тартылды», — делінген ПМ баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

Осы ретте аманаттық депутат жүргізушілердің жауапкершілігінің төмендігіне өсер ететін фактілер көп екенін айтады. Соның бірі — жүргізуші куәлігін беретін орындардағы сыбайлас жемқорлық.

«Әрине, бақылау жок жерде жөнді тәртіп те болмайды. 2009 жылы Ішкі істер министрлігі жүргізушілерді даярлайтын оқу ұйымдарын лицензиялау алынғалы мониторингтік бақылау тоқтады. Қазір автомектептерде оқымай-ақ анықтама алып, Мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталығында сынақ тапсыра алады. Қазір автомектептер ешқандай жауапкершілік алмай-



*Еліміздегі жол-көлік оқиғаларының көбеюіне бір себеп — автокөлік паркінің қарқынды өсуі. 5 жыл ішінде ол 3,9 млн-нан 5,2 млн бірлікке дейін 26%-ға өсті.*

ды, куәлік алуға ниеттілерге оқыды деген анықтаманы оңды-солды береді.

Содан кейін мамандандырылған ХҚКО теориялық және практикалық емтиханнан өтудің түрлі әдіс-тәсілін қарастырады. Мәселен, теориялық және практикалық емтихандарды тапсыру процесінде бұзушылықтар бар. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында автоматтандырылған жүйемен емтихан тапсыру кезінде манипуляцияны қолданудың 222 фактісі анықталды. Біз Көкшетау қаласында, Өскеменде өсу фактілері анықталып, жауапты мамандар жазаланғанын жақсы білеміз.

Әлем елдерінің тәжірибесіне қарағанда, Аустралия, Жапония, Италия, Финляндия, Швеция және Германияна жүргізуші куәлігін алу өте қиын. Бұл елдердің кез келгенінде автомектептер жүргізушіге жоғары талап қояды.



Мәселен, рейтингте бірінші орында тұрған Аустралияда жүргізуші куәлігін алу үшін бірнеше жыл керек. Осы уақыт ішінде жүргізу екі рет теориялық, екі рет практикалық сынақтан өтеді екен. Бізге де әлем елдерінің үздік тәжірибелерін саралап, жүргізуші куәлігін беруді қатаңдататын заң нормаларын қабылдау маңызды», — дейді Мәжіліс депутаты өз депутаттық сауалында.

Депутаттың сөзін осы салаға қатысы бар мамандар да қолдап отыр. Олар кезінде автомектептерде міндетті оқуды қайта жаңғыртқаны дұрыс болды деген пікірде. Естеріңізде болса, 2016 жылы «В» категориясын міндетті оқу қысқартылып, тек «С», «Д»

жүріп үйрену керек. Ол болмаса жүргізушілердің онсыз да төмен мәдениеті мен білігі одан сайын төмендеп кетеді. Кеңес кезінде көлік жүргізуші куәлігін алу үшін екі жыл оқытатын. Кейін ол онтайландырылып, екі жарым айға дейін қысқарған екен. Осыдан оншақты жыл бұрын оны да алып тастады. Біз оқытатын программа бойынша 228 сағаттың ішінде 16 сағат медициналық дайындығы, 90 сағаты жол ережесі бар, 90 сағат жол қауіпсіздігі, 24 сағаты көлік құрылысы бар», — дейді «Қазақстан Жүргізушілер одағы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалының жетекшісі Айман Отарова.

Мамандар депутаттың сынға алып отырған ХҚКО-дағы кемшіліктерге толық келіседі. Біріншіден, «емтихан сұрақтары қолжетімсіз»: теориялық емтиханда тест сұрақтары мен жауаптары сәйкес келе бермейді, ал практикалық емтиханның әділ жүргізілуіне қадағалауға алу қажет. Сонымен қатар үміткер емтиханның шешімімен келіспеген жағдайда, апелляциялық шағым беру немесе өз нұсқасын дәлелдеуіне мүмкіндік беру жолдарын қарастыру керек.

«Сол кездері сөз болған тағы бір мәселе — автодром проблемасы әлі шешімін тапқан жоқ. Қазір ондай кешендер тек әр облыс орталығында орналасқан мамандандырылған ХҚКО-да ғана бар. Мәселен, жүргізуші куәлігін алғысы келетіндер Балқаш, Теміртау, Шахтинск, Абайдан теориялық-практикалық емтихан тапсыру үшін облыс орталығы Қарағандыға келуге мәжбүр. Өзге өңірлерде де солай. Онда да бір барғаннан тест тапсыра алмай, бірнеше рет барып, шығынға батады. Бұл жемқорлық тәуекелі жоғары екендігін білдіреді», — дейді бұрын автомектеп директоры болған Жылқыбай Балтабаев.

Депутаттық сауалда автомектептерді міндеттеумен қатар өзге де проблемалардың кешенді шешімдері ұсынылып отыр. Мәселен, 10-11-сыныптарға жол-қозғалысы ережесін оқыту қажет.

Жол жүру мәдениеті мен қауіпсіздік дағдыларын мектеп қабырғасынан қалыптастырылып, жол пайдаланушы құқығын құрметтеуді ерте бастан үйрету керек. Депутат осы сияқты 4 ұсыныс беріп отыр.

«Біріншіден, білім беру жүйесі — мектептерде жолда жүру тәртібі мен көлікті жүргізу негізін үйрететін арнайы факультативті курстар оқыту маңызды деп санаймыз. Біздің буын мектеп оқығанда мұндай игілікті көргенімізді айту керек-ақ. Сондықтан Оқу-ағарту және Ішкі істер министрлігі ортақ оқу бағдарламасын әзірлеуге мән бергені дұрыс.

Екіншіден, теориялық тестілеуді Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне беру қажет деп санаймыз.

Үшіншіден, автодромдарды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру керек.

Төртіншіден, автомектептерге лицензия беруді қарастырып, олардың жауапкершілігін арттыру керек. Мәселен, жыл көлемінде белгілі бір автомектепті бітірген жүргізушілер көп рет жолда жүру ережесін бұзса, ондай орталықтың лицензиясын кері алу тетігін реттеу керек. Мұндай тәжірибе Еуропа елдерінде сәтті қолданып отырғанын айту маңызды», — делінген депутаттық сауалда.

Данабек Исабековтің пікірінше, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің теориялық тестілеуді өткізуге толық мүмкіндіктері де, тәжірибесі де бар. Ал автодромдарды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру жайы туралы айтылып келе жатқанына аз болған жоқ. Одан бөлек, Үкімет әкімдерге бизнеспен әріптесе отырып жаңадан автодромдар салу мәселесін қанша тапсырса да, орындалмай келеді. Ал автомектептерді лицензиялауды қайта енгізіп, мемлекеттік қадағалауды күшейтетін уақыт жетті. Жол қауіпсіздігі — ортақ мәселе. Сол себепті депутат көтеріп отырған проблемалар уақыт күттірмей шешімін табуға тиіс-ақ. Ендеше Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жасұлан Мәдиевтен жауап күтеміз.

## ДАМУ

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ



**Балаға құйылған инвестиция - елдің кемел келешегіне жасалған жарқын қадам. Білімді, дені сау әрі әлеуметтік тұрғыда қорғалған кейінгі ұрпақ Қазақстанның экономикасын дамытып, қоғамның бөлсенді және қозғаушы күшіне айналады. Елімізде бұл бағытқа арналған көптеген бағдарлама жолға қойылған. Оның айқын мысалы - «Ұлттық қор - балаларға» жобасы. Аталған бағдарламаның артықшылықтары мен жүзеге асырылу барысы жайлы қаржы вице-министрі дәурен темірбеков «Айқын» газетіне берген сұхбатында баяндап берді.**

**Дәурен ТЕМІРБЕКОВ,**  
Қаржы вице-министрі:

# БАҒДАРЛАМА – БАР БАЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫНА КЕПІЛ

– Биыл – «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының басталғанына бір жыл. Осы аралықта ауыз толтырып айтарлық қандай жетістіктерге қол жеткізілді?

– Қазір әрбір отбасы баланың дүниеге келген сәтінен бастап әр жеткенге дейін мемлекеттің қолдайтынына сенімді бола алады. Айталық, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы жас азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, сондай-ақ білім алуына жан-жақты жағдай жасап, табысты болуларына бағытталған. Нәтижесінде, 2024 жылдан бастап жылма-жыл қазақстандық балаларға (18 жасқа толғанға дейін) инвестициялық табысты қоса алғанда, Ұлттық қордан қаражат аударылып келеді. Мәселен, былтыр әр баланың арнайы есепшотына 100,52 доллар көлемінде алғашқы аударымдар жасалды. 2024 жылы балалардың жалпы санынан 304 815 адам 18 жасқа толып, оларға жалпы сомасы 30,6 млн доллар көлемінде ақша берілді. 2025 жылдың бірінші қаңтарында жоба қатысушыларына 5 316,7 мың доллар төленді. Мәселен, тұрғын үй жағдайын жақсартуға 2 964 мың доллар бағытталды. Шамамен осымен бірдей мөлшердегі (2 352,7 мың доллар) соманы жастар білім алуға жұмсады. Биыл осы жоба шеңберінде 6,9 млн адам қамтылмақ, оның ішінде 324 430 адам 18 жасқа толады.

– Бұл жобаны қолға алудағы басты мақсат-міндеттерге тоқтала кетсеңіз.

– Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтерген еді. Бұл Әділетті Қазақстанды құрудың іргелі идеясы болып саналады. Осыған сәйкес, ұлттық байлықты халықтың арасында әділ бөлу көзделгені баршаға аян. Осы бастаманың аясында «Ұлттық қор – балаларға» заңы қабылданды. Нәтижесінде, Ұлттық қорды қалыптастырудың негізгі мақсатына – еліміздің жастары бастапқы капитал ретінде пайдалана алатындай өскелең ұрпақ үшін жинақтарды қалыптастыруға жол ашылды. Бұл жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал етеді, сондай-ақ білім беру саласын

дамытуға және өмір сүру сапасын жақсартуға инвестициялар түрінде ұлттық экономика үшін мультипликативті әсері жоғары.

– Бағдарламаны іске асыру барысындағы бастапқы кезеңде қандай да бір қиындықтар кездесті ме?

– Бағдарламаны әзірлеу кезінде негізгі қиындық осы уақытқа дейін мемлекеттік деректер базасында азаматтыққа (азаматтықты алу мен оның аяқталған күні) қатысты ақпараттың жоқтығымен байланысты болды. Мүдделі министрліктермен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағы мен одан тыс жерлерде де кәмілет жасқа толмағандардың азаматтығын белгілеу бойынша орасан зор жұмыс атқарылды. Бағдарлама жаңа болғандықтан және қатысушылардың тізімін әзірлеу кезінде келенсіздіктер (азаматтықпен байланысты сәйкессіздіктер –



*Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет.*

*Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтерген еді. Бұл Әділетті Қазақстанды құрудың іргелі идеясы болып саналады.*



ред.) болуы мүмкін екенін ескеріп, жыл сайын осы тізім қайта тексеріледі. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылған немесе азаматтықтан шыққандар алынып тасталады. Сондай-ақ бұрын есепке алынбаған қатысушы не болмаса алушы болуға құқығы бар немесе құқығы болғандар тізімге қосылды.

– Қазір бағдарламаға қанша қазақстандық бала қатысып жатыр?

– Жыл сайын БЖЗҚ «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына қатысушылардың тізімі жасакталады. Олар тек Қазақстан азаматтары болып саналады. Ал 2025 жылы бағдарламаға 6 921 035 бала қатысады.

– Ал биыл шоттарға аударылатын соманың мөлшері қандай болмақ?

– Осы жылы жалпы сома 888,8 млн долларға жетті. Жан басына шаққанда әр балаға 129,38 доллардан келеді. Әр балаға аударылған ақшада мақсатты талаптар сомасы бойынша да түзетулер ескерілген: Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған, есепті жылы Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан, бұрын есепке алынбаған, мақсатты талаптардың қатысушысы болуға құқығы бар, бұрын есепке алынған, нысаналы талаптардың қатысушысы болуға құқығы жоқ. Бұдан басқа, 2024 жылғы нысаналы талаптар бойынша инвестициялық кіріс көлемі де аударылды. Бағдарламаға екі жылдан



– 18 жасқа толғаннан кейін нысаналы жинақтау төлемдерін алушы уәкілетті операторлар – «Отбасы банкі» АҚ және «Қазақстан Халық банкі» АҚ шот ашуға тиіс. Мұны eprf-otbasy.kz платформасында немесе Нәлік қосымшасы арқылы жасауға болады. Сондай-ақ интернетте БЖЗҚ мен «Отбасы банкі» АҚ-ның видео нұсқаулықтарын таба аласыз. Әрмен қарай қаражатты қандай мақсатта пайдаланатынын таңдау қажет. Айталық, тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін жылжымайтын мүлік сатып алуға, ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны төлеуге, тұрғын үй құрылыс жинағындағы салымды толықтыруға, ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша берешекті ішінара немесе толық өтеуге, Ислам банкінің қаржыландыру шеңберінде тұрғын үй сатып алуға, сатып алу құқығымен тұрғын үйді ұзақмерзімді жалдау шарттары бойынша ақы төлеуге, жеке тұрғын үй салуға жұмсауға болады.

– «Ұлттық қор – балаларға» жобасы бойынша алаяқтық жағдайлар тіркелді ме?

– Аталған бағдарламаның төлемдеріне тікелей қатысты алаяқтық әрекеттер тіркелген жоқ немесе бізге әлі белгісіз. Бірақ 2024 жылдың басында алаяқтық әрекетке талпыну көріністері болды. Бұл түрлі жалған сайт құру, содан кейін мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде барлық төлем, өтемақылар, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша төлемдер алып, көмек көрсетуге қатысты. Осы әрекеттердің барлығы іс жүзінде банк шоттарынан, депозиттерден ақша ұрлау мақсатында азаматтардың жеке деректерін иемденуге немесе кейіннен ақша қаражатын алып қою арқылы оларға несие рәсімдеу мақсатын көздегені анықталды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Кәмила ДҮЙСЕН

## КӨКЕЙКЕСТІ

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

### ОЙНАП ЖҮРІП, ОТ БАСТЫ МА?

Ойнақтап жүріп от басып өзінің тұтас тағдырына балта шапқан қыз балалардың жыл санап көбейіп бара жатқаны алаңдатады. Тақырып жазыла-айтыла жауыр болғанымен, бүгінгі қоғамда өзектілігін жоймай, тіпті жыл санап «балалы болған балалардың» қатары аса үлкен қарқынмен өсіп келеді...

Ерте жүктілік оқиғалары басқа аймақтармен қатар Ақмола облысында да өткір мәселеге айналған. Тек соңғы бес жыл ішінде өңірде 231 қыз баланың аяғы ауыр болғаны туралы ресми ақпарат жария етілді. Облыстық Денсаулық сақтау басқармасының дерегінше, 2023 жылы көмелет жасына толмаған қыздардың жүктілік оқиғасының 42 фактісі тіркелсе, былтырғы жылдың алғашқы 10 айында ғана 34 қыз бала жүкті болып қалғаны анықталған. Құзырлы ведомствоның мәліметінше, ерте жастан жүкті болған қыздардың көпшілігі 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер болып шықты.

«2024 жылдың 10 айында 34 қыз бала жүкті болды. 2023 жылдың 10 айында дәл осындай 42 факт тіркелді. Соңғы 5 жылда 231 қыз баланың аяғы ауыр болған», — делінген облыстық Денсаулық сақтау басқармасы БАҚ өкілдеріне таратқан ақпаратта.

да бармастан істі жабулы күйінде қалдырып жатқаны бұл сан әлдеқайда көбірек емес пе екен деген қауіпті ойларға жетелейді.

Көкшетау қаласындағы «Аналар үйі» қоғамдық қоры ресурстық орталығының үйлестірушісі Құралай Жұмабекова өңірдегі жасөспірімдер жүктілігінің бірнеше нақты себебін атады. Сондай-ақ түйткілді мәселені шешу үшін бірінші кезекте қоғамның, мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелерінің ерекше назар аударуын қажет ететінін жеткізді.

— Өкінішке қарай, соңғы жылдары көмелет жасына толмай, оң жақта отырып жүкті болып жатқан жасөспірімдердің саны күрт өсіп барады. Көпшілігі, әсіресе студенттер жасырын түрде баладан бас тарту мақсатында перзентханаға барып, елеусіз ешкімге білдірмей кетіп қалып жататын жайлар кездеседі. Ойнақтап жүріп от басып, жүкті болудың бірнеше себебі бар. Біріншіден, жыныстық сауаттылық деңгейі жеткіліксіз. Көптеген отбасы мен мектептерде жыныстық тәрбие беру тыйым салынған тақырып күйінде қалып келеді. Екіншіден, әлеуметтік факторлар, отбасылардағы төмен күнкөріс деңгейі, отбасындағы қолдаудың жеткіліксіздігі мен ортаның ықпалы да кері әсерін тигізеді. Тағы бір аса маңызды себеп, медициналық және психологиялық қызметтің қолжетімсіз-

**Екіншіден, әлеуметтік факторлар, отбасылардағы төмен күнкөріс деңгейі, отбасындағы қолдаудың жеткіліксіздігі мен ортаның ықпалы да кері ықпал тигізеді. Тағы бір аса маңызды себеп, медициналық және психологиялық қызметтің қолжетімсіздігі болып отыр. Көп жасөспірім қайда барып кеңес алу керегін де білмейді. Біздің аналар үйінде де көмелет жасына толмай ана атанған жасөспірімдер болды.**

Ведомствоның мәліметінен жүктілікті жасырып жасанды түсік жасатқан жасөспірімдердің де күн санап ұлғайып келе жатқанын байқауға болады. Мәселен, 2023 жылы 2 қыз балаға аборт жасалса, былтыр 6 бірдей қыз баланың жасанды түсік жасатқаны мәлім болған. Сондай-ақ 2023 жылы есепке қойылған өрімдей ғана 40 қыз аман-есен аяқ-қолын бауырына алса, былтыр 28 қыз баланың босанғаны белгілі болды.

Әр санның артында тұтас бір тағдырлар тұрғаны әрі статистикалық көрсеткіштердің жыл санап еселеп өсіп бара жатқаны алаңдатады. Бір анығы, жоғарыда аталғандар тек ресми түрде анықталып, тіркелген шынайы көрсеткіштер. Өкініштісі сол, ойнақтап жүріп от басып, опық жеген жасөспірім қыздардың ешқай-

дігі болып отыр. Көп жасөспірім қайда барып кеңес алу керегін де білмейді. Біздің аналар үйінде де көмелет жасына толмай ана атанған жасөспірімдер болды. Қазір жок, — дейді Құралай Жұмабекова.

«Аналар үйі» басшысы ерте жүктіліктің себебінен тыс, салдары туралы да ойларымен бөлісті. Оның айтуынша, жасөспірім қыздардың ағзасы бала көтеруге әзір болмайтындықтан, үлкен шиеленістерге әкеліп соғады. Мұнымен қоса, ерте жүктілік пен ана атану баланың оқуды тастауына, карьералық болашағына балта шабуына және қаржылық тәуелділікке ұшыратады. Сонымен қатар жасөспірім аналар қоғамның талқысы мен психологиялық қысымға ұшырап, эмоционалдық күйзеліске түседі.

«Аналар үйі» қоғамдық қорының үйлестірушісі жағдайды бақылауға алып, өткір мәселені

## Қыз тағдыры — Ұлт тағдыры!

Кеше Қазақстан Республикасы Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп жеткіншектер арасындағы жүктілік жайын қозғап, Үкімет басшысына сауал жолдады. Бір қарағанда, бұл жеке адамның мәселесі сияқты көрінуі мүмкін. Алайда оның салдары бүкіл қоғамға әсер ететіні анық. «Ұлтымыздың болашағына алаңдасқ, жасөспірімдер арасында жүргізілетін түсіндіру жұмыстарын жүйелеу қажет» деген сенатордың депутаттық сауалын назарларыңызға ұсынамыз.

Қыз тағдыры — Ұлт тағдыры! Елімізде ерте жүктілік жиілеп кеткенін байқап отырмыз. Бұл ұлт сапасына тікелей әсер ететін фактор екені белгілі.

Осы орайда нақты деректерге тоқталғым келеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне назар аударсақ, соңғы бес жылда 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында туу көрсеткіші шамамен 1,5 есеге артқан. Жасөспірімдердің туу деңгейінің күрт өсуі пандемия кезінде басталған. Содан бері өткен төрт жылда бұл үрдіс бір деңгейде сақталып келеді.

2023 жылы қаршадай қыздар арасында 5 094 босану тіркелген. Бұл сол кезеңдегі жалпы туу көрсеткішінің 1,3 пайызын құраған (2019 ж. — 3 602 жағдай, 0,9%). Осылайша, ел бойынша туу көрсеткіші 15-19 жастағы 1 мың қызға 32,63-тен келіп отыр. Ал ауылдық жерлердегі жасөспірімдер арасында аталған көрсеткіш қаладағы көрсеткіш-тен екі есеге дерлік көп, яғни, тиісінше 44,15 және 24,72.

Біз осы қайда бара жатырмыз? Ұят деген ұғымның өлгені ме? Адамдықты надандық жеңгені ме?

Бұл бірлі-екілі жағдай болса бір жөн.

Еліміздің жеті өңірінде, әсіресе, оңтүстік және батыс аймақтарда жасөспірімдер арасындағы туу көрсеткіші республикалық көрсеткіштен жоғары. Оның ішінде, Жамбыл (52,94), Түркістан (47,09) және Маңғыстау облыстарындағы (37,7) деректер ерекше алаңдатады. Бұл өңірлерде жасөспірімдердің туу көрсеткіші ауылдық жерлерде де, қала тұрғындары арасында да өте жоғары.

Бұл ретте аталған туу деректері — медициналық мекемелерде жүктіліктің тіркелген фактілері бойынша анықталғанын ескеруіміз керек. Әрбір жүктілік бала тууға әкелмейтінін назарға алсақ, жүктілік жағдайы біз келтірген деректерден әлдеқайда көп болуы мүмкін екенін аңғарамыз.

# БАЛАЛАЛЫ



шешу үшін білім беру орындары жыныстық тәрбие мен медициналық кеңеске қолжетімділікті арттыру қажет екенін жеткізді.

Бүгінде құзырлы органдар қатарынан жасалып жатқан шаралар жеткіліксіз деп санаймын. Жағдайды қалыпқа келтіру үшін мектептерде міндетті жыныстық тәрбие беру енгізілуі тиіс. Жасөспірімдер шынайы ақпаратқа қол жеткізе

алуы керек. Мектептерде ата-аналармен жұмыс істеп, оларға да жыныстық тәрбие беру қажет. Қыз балалармен қатар ер балалармен де жабық тақырып жайлы ашық сөйлесу қажет. Кәдімгі репродуктивті денсаулық туралы оқыту жүргізілуі керек.

Сонымен қатар ата-аналар балаларымен маңызды тақырыптарды талқылаудан қорықпағаны жөн. Мемлекет тарапынан жас

аналарды қолдайтын әлеуметтік бағдарламалар, оқыту және жұмысқа орналасуына көмек көрсету мәселесі қолға алынуы қажет. Шұғыл шараларға келсек, жасөспірімдерді мектепте ғана емес, мектептен тыс уақыттарда да жұмысты күшейтіп, профилактикалық бағдарламаларды дамытып, ол процеске ата-аналарды да тарту керек, — дейді Құралай Жұмабекова.

## КӨКЕЙКЕСТІ

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, былтыр жасөспірімдер арасында жүктілік жағдайларының 10,2 пайызға төмендегені байқалады (2023 жылға қарай). Дегенмен, уәкілетті орган жүктіліктің әрбір жағдайын тіркемейтінін есте ұстаған жөн. Сондықтан деректердің дұрыс есептелмеуінен де осындай динамика қалыптасуы мүмкін.

Жап-жас қыздарды қорлау, тіпті зорлау көбейді.

Бұл жағдай да ерте жүктілікке әкеледі. Бірақ көбіне мұндай оқиғалар жабулы күйінде қалады. Ішінен тынып қыз қалады. Жүректерде сыз қалады.

«Ауруын жасырған өледі» дейді біздің қазақ. Көрсек те көрмеген, білсек те білмеген болып отыра береміз бе?

Біз бұл проблемаға айрықша назар аударуымыз қажет. Өйткені оның салдары әлеуметтік тәуекелдерге әкеліп соқтырады. Бұл — өте нәзік әлеуметтік мәселе. Бала көретін жасқа келген қазіргі жасөспірімдердің репродуктивті денсаулық жағдайы алдағы 10-15 жылдағы туу мен демографияға тікелей әсер ететіні анық.

Сонымен қатар ерте жүкті болған қыз автоматты түрде қауіп-қатер аймағына енеді, білім алу мүмкіндігін жоғалтады, әлеуметтік қайшылықтарға тап болады. Тіпті, суицид жағдайына әкелетін психологиялық көңіл күйге ұшырайды.

Сондықтан осы айтылғандарды ескере отырып, балалар мен жасөспірімдерге аталған мәселеге қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұлттық деңгейде жүйелеу қажет деп есептейміз.

Бірінші. Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің, сондай-ақ осы салада жұмыс істейтін халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың (UNFPA, UNICEF және т.б.) қатысуымен жасөспірімдер арасында жүктілік пен туу санының өсу себептеріне ведомствоаралық талдау жүргізу қажет.

Екінші. Жастар денсаулық орталықтарының қызметіне олардың өмірлік қиын жағдайға тап болған кәметке толмағандарға психологиялық және медициналық қолдау көрсету жұмыстарының тиімділігі тұрғысынан бағалау жүргізу қажет.

Үшінші. Кәметке толмағандардың құқықтарын қорғауға қатысты заңнаманың орындалуына мониторинг пен бақылауды күшейту аса маңызды. Сонымен қатар зорлық-зомбылық фактілеріне жігіт мониторинг жүргізіп, жетесіз жастардың жауапкершілігін күшейту керек.

Төртінші. Жасөспірімдер мен олардың ата-аналарының ерте жүктілік қаупі, сондай-ақ кәметке толмағандардың жауапкершілігі мен құқықтары туралы хабардар болу деңгейін арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жедел қолға алу керек.



қындарының қолдаусыз қалады. «Әке болуға дайын емеспін» деген желеумен жеткіншектің өз жөнімен кететіні онсыз да белгілі. Сондықтан ерте жүктілік қыз балаларға физикалық және психологиялық тұрғыдан қатты әсер етеді. Медициналық тұрғыдан қарастырғанда, ерте жүктілік жасөспірімдердің денсаулығына өте қауіпті. Қыздар жиі қолданып түсік түсірудің соңы бедеулікпен, кейде тіпті өмірімен қош айтысумен аяқталуы да мүмкін. Сондықтан «менің қызымның басындағы жағдай емес» деп бұғып отырмай, бұл мәселеге тұтас қоғам назар аударуы керек», — дейді акушер-гинеколог Әйгерім Қайратқызы.

еді», — дейді Жұмагүл Нәсияқызы.

Зорлықшы дегеннен шығады, Атырауда осы тақырыпқа қатысты сұмдық жағдай болған еді. Өзін зорлаған ер адамға күштеу арқылы тұрмысқа шыққан 15 жастағы жүкті қыз бала көмек сұрап дабыл қаққан еді. Әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы көмек сұраған қыз бала өзін 20 жастағы ер адамның зорлап кеткенін мәлімдеген болатын.

«Зорлық салдарынан жүкті болып қалдым. Кейін шу болмас үшін жігіт күшпен әйелдікке алды. Аяғым ауыр болғанына қарамастан, күйеуімнен әлі қорлық көріп келемін. Анам жүре алмайды, онкологиялық ауруға шалдыққан. Мен күйеуімнен де, оның отбасынан да қысым көріп жүрмін. Кімнен көмек сұрағанды да білмеймін. Жинап жүрген дәлелімнің бәрі телефоныма болатын. Бірақ олар менің телефонымды сындырды. Өзіме жасалып жатқан қысымды қалай дәлелдерімді де білмеймін», — деген еді шарасыз жасөспірім.

Атырау облысының Полиция департаментінде аталған факті бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүріп жатқаны хабарланды.

«Аталған факті бойынша қылмыстық іс қозғалды. Алғашқы тергеу барысында жәбірленуші қажетті сот-медициналық сараптамадан өтуден бас тартты. Бұл толық тергеу әрекеттеріне кедергі келтірді. Алайда 25 қыркүйекте әлеуметтік желілерде таратылған ақпарат негізінде тергеу қайта басталды», — деп нақтылады Атырау облысы Полиция департаментінің ресми өкілі Мейірім Ердаулет.

Соның төрт жылда оқушылар арасында 800 жүктілік тіркелген. Жоғарыда айтылған бұл қорқынышты статистиканың артында қилықилы тағдырлар жатыр.

Дайындаған  
Баян ЖАНҰЗАҚ,  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

# БОЛҒАН

# БАЛАЛАР

### ЕРТЕ ЖҮКТІЛІК КӨБЕЙДІ

Атырауда былтыр 127 мектеп оқушысы жүкті болып қалды. Бұл — алып-қашпа әңгіме емес, кәдімгі ресми мәлімет. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы «жабық» ақпаратты растап отыр. Қазір кәметке толмаған 92 оқушы қыз жүктілігін аяқтаған. Оның ішінде босағандары да, түсік жасатқандары да бар.

Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қайсар Абдалиевтің айтуынша, оқушы қыздар арасында жүктіліктің көбеюінің бірнеше себебі бар.

«Бұл жерде әлеуметтік, экономикалық проблемалар, мәдени және діни ерекшеліктер, сондай-ақ жасөспірімдердің ерте физиологиялық жетілуі сияқты мәселелер бар. Ата-аналардың балаларға тиісті деңгейде назар аудармауы, отбасындағы ауыр атмосфера, мұның барлығы, сайып келгенде, жасөспірім қыз баланың келенсіз жағдайға тап болуына себеп болып отыр», — дейді спикер.

Дегенмен алдыңғы жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, Атырауда оқушы қыздар арасындағы жүктілік сәл де болса азайған. Мәселен, 2022 жылы облыста 173 жасөспірім қыз жүкті болған. Оның ішінде 102 жүкті оқушы қаладан, қал-

ғаны ауылдық жерлерден тіркелген. Сол жылы 85 жасөспірім ана атанған. Белгілі болғанындай, оқушылар арасындағы жүктілік мәселесі Мақат және Жылыой аудандарында жоғары болып тұр.

«Біздің қолымыздағы мәліметтер ерте жастан жүкті болу мәселесі көбіне діни сенімді ұстанатын отбасыларда тіркелетінін көрсетіп отыр. Толық емес отбасыларда да мұндай жағдай бар», — дейді Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қайсар Абдалиев.

«Сол себепті жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу үшін ата-аналар, мектеп әкімшілігі және денсаулық сақтау органдары бірлесіп профилактикалық жұмыстар жүргізуі қажет. Бұл бағытта жасөспірімдерге жыныстық тәрбие беру, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және ата-аналармен тығыз байланыс орнату маңызды», — дейді маман.

Мамандардың айтуынша, жасөспірім қыздар көбіне ата-аналарынан қорқып, түсік жасатуға мәжбүр болады.

«Мұндай фактор олардың денсаулығына кері әсерін тигізіп, бедеулікке әкелуі де мүмкін. Сонымен қатар ерте жүктілік жас аналардың психикалық жағ-



**«Біздің қолымыздағы мәліметтер ерте жастан жүкті болу мәселесі көбіне діни сенімді ұстанатын отбасыларда тіркелетінін көрсетіп отыр. Толық емес отбасыларда да мұндай жағдай бар».**

дайына да әсер етіп, қоғамға бейімделуін қиындатады. Моральдық және материалдық қиындықтар да үлкен әсер етеді. Бәріне бірдей топырақ шашпаймыз, дегенмен әкесіз өскен қыздар ер адамдардың жылуын іздеп, алданып қалуы мүмкін. Бұл жағдайлар олардың ерте жүктілікке ұшырауына себеп болуы ықтимал», — дейді отбасылық психолог Салтанат Қабақбаева.

Әдетте «мал құлағы саныр-ау» деп жылы жаба қоятын тақырып, шыны керек, қазақ отбасында талқылана бермейді. Бірақ ұрпақты ата-ана, отбасынан бұрын интернет тәрбиелеп жатқан қазіргі заманда ұлға да, қызға да жыныстық тәрбие беру өзекті болып отырғандай.


Акушер-гинеколог Әйгерім Қайратқызының айтуынша, соңғы төрт жылда Атырау облысында кәметке толмаған қыздар арасында жүктіліктің 800-ге жуық жағдайы тіркелген.

«Жүкті болып қалған жасөспірім қыздар көп жағдайда жа-

## АБАЙ ЖОЛЫ

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

«Бір данышпан «Жақсы әфсанасыз ұлы халық болмайды» депті. Қазақ халқы әфсанасының көмбесі – Абай мұрасы екені талассыз. Әсіресе, қазіргі алмағайып заманда қоғам ұлы Абайдан нәрленуге, сол арқылы болмысы бөтен ой-танымдарға қарсы иммунитет қалыптастыруға зәру. Хакім Абай қиыр шеттегі Шыңғыстау бөктерінен-ақ Еуропаның ақыл-ойы дамуын қалт жібермей қадағалап отырған. Қалың елі қазағының діншілдігі туралы Абай былай дейді: «Қазақ құлшылығым Құдайға лайықты болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып тұрса болғаны... Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды». Бұл – абайтанушы ғалым Асан Омаровтың хакім туралы ойларынан үзінді. Абай мен Шәкәрімнің күллі адамзатқа жол сілтеген рухани көсем екені ақиқат. «Осындай данасы бар халыққа ұстазды сырттан іздеу де жараспас» дейді ғалым. Ендеше Абай ілімі туралы ғалым пікіріне ойыссақ,



## Асан ОМАРОВ, абайтанушы:

казакқа ғана емес, әлемге танытты, «Абай жолы» эпопеясы жөнімен, сондай-ақ көптеген абайтанушы шәкіртін даярлап кетті.

– Абай өлеңдерінің Алаш зиялыларына әсері қандай болды?

– Абайдың казак халқына, оның ішінде Алаш зиялыларына әсері орасан зор болды. Абай ұлттың сана-

сезімін оятып, ақыл-есін жана деңгейге көтерді. Бұл – ақиқат. Сәбит Мұқановтың кезінде «Қазақ» газеті төңірегіне жиналған казак оқығандары Абайды рухани әке қылып алды дегені жайдан-жай емес. Ел болу идеясын алаштықтар Абайдан сіңірді. Мәселен, «Сегіз аяқта» Абай қазақты түзелуге, яғни елдікке үндеп, астарлы түрде отаршыл билікті сынады. Бұл өлеңнің алғашқы атауы «Оян казак» болған деген болжам бар. Қайткен күнде де Міржақып Дулатов өзінің «Оян казак» жазғанда үстелі үстінде Абайдың 1909 жылғы тұңғыш жинағы жатқаны факт. Айта берсек, казак интеллигенциясына Абай ұстаз болғаны туралы деректер таусылмастай көп. XX ғасырда дүниеге Абайдың көзімен карауды үйренген, үлгі-өнеге алғандар қаншама десеніңізші, санасан санына жете алмайсың.

– Абай өлеңдерінде «қателесіп» өзге шумақтардың түсіп кетуі, кей өлеңдердің өзгеге таңылып кетуі дейтін тұсы көп секілді. Абайтанушылар бұл тұрғыда толық зерделеп бітті ме?

– Өкінішке қарай, Абайдың асыл мұрасы қатеден арылып болды деуге ертерек. Иә, текстологиялық қате қазір жоққа тән. Бірақ Абай өлеңдерінің датасында кеткен қателіктер баршылық. Оларды Кәкітай Ысқаков уақыт тығыздығы жағдайында жалғыз өзі қойып шыққан болатын. Сол қалпы қала берді. Сол сияқты



– Асан аға, биыл Абай Құнанбайұлының туғанына – 180 жыл. Абай әлемінде зерттелмеген тақырып бар ма?

– Абайдың Шығысы әлі күнге толық зерттелген жоқ. Оның себебі көп. Абайдың Шығысы ұғымына иман, дін, ғибадат тақырыптары және толық адам, үш сүю, Хак жолы ілімдері кіреді. Бүгінгі абайтанудың сүйекті мәселелері – осылар. Оларды тиянақтау үшін үлкен ғылыми жұмыстар атқарылуы керек.

– Абай ілімі деген – телегей терең мұхит. Ол мұхиттың біз әлі бетін қалқып жүрген секілдіміз. Тереңдей түссек, нені аңғарар едік?

– Абай іліміне тереңдей түссек, Алланың және адамның болмысын танып-білуге мүмкіндік туады. Бұл – адам өмірінің мән-мағынасын және оның рухани болмысы қайтсек жетілетінін білу деген сөз. Бұдан бөлек, әлемнің үйлесімділік заңын түсінетін боламыз. Осылайша, әр казак дүниенің кетігін тауып, соған қалай бір кірпіш болып қалануды білетін болады. Былайша айтқанда, көкірек көзі ашылады. Міне, Абай ілімін мемлекеттік деңгейде насихаттаудың қажеттілігі осы арада.

– Абайтану тұрғысында біз ең алдымен бас абайтанушы деп кімді айтар едік?

– Бас абайтанушы деп сөз жоқ, ғұлама Мұхтар Әуезовті айтамыз. Бұл ғылымды бастап берген – Әлихан Бөкейханов. Абайды насихаттауға барлық Алаш арыстары атсалысты. Мұханның орны бөлек болатыны – ол Абайды

## Абай

## Алаш интеллигенциясының

## ұстазы болды

бірігіп кеткен әлденеше өлең бар. Мысалы, ағасы Тәкежан сыналған өлең екі өлең арасына кірігіп, бүркемеленіп қалған. Мұны Кәкітай мен Тұрағұлдың ағайын арасында араздық тумасын деп жасағаны белгілі. Әйгерімге, Әкімбайға арналған өлеңдер тағдыры да осындай. Бір сөзбен айтқанда, Абай өлеңдерінің хронологиясы едеуір өзгерістерді қажет етеді. Оны түзету Абай мен халықтың арасын жақындата түсетін болады.

– «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген өлең жолындағы соңғы шумақтың «қайраттың мен ақылың екі жақтап» екенін нақты дәлелдеп жазсаңыз да, әлі күнге қолданыста «еңбегің мен ақылың екі жақтап» деп жазылады. Бұл қателікті қайтсек түзейміз?

– Еңбегің мен ақылың емес, қайратың мен ақылың болуы керек. Себебі бұл өлеңде де ақын адамның үш қасиетін (қайрат, ақыл, жүрек) өзек еткен. Бұл үшеуі ортағасырлық Ғазали сияқты ойшылдардың еңбектерінде де бар. Еңбек боп жазылып, түзетілмей қалуы – кешегі кеңестік идеология-

«Мынмен жалғыз алыстым» дейтіні – сол. Қазір неге оңалып кетпедік, бес асыл істі неге ұстанбадық десеңіз, оның өзіндік себебі бар. Бастысы, жан мен тән таласында билікті тән құмарына беріп қоюға тіреледі. Тек заттық өнімді өндіру, тұтынушылық психология бүкіл адамзат санасын жаулап алды қазір. Басқа түгіл АҚШ-тың жаңа сайланған президенті Трамптың өзі де Америка америкалық болып қалуы керек, ол үшін өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып сақталуы керек деп бастама көтеріп, глобализмнен бас тартып жатыр. Дұрыс-ақ. Бізге де прогресшіл, яғни

құлып салынды. Тек қана ақын ағартушы деңгейінде зерттеп, зерделеуге мұрсат етілді. Кейінгі толқын арасынан да мықты абайтанушылар шығатын шығар деп үміттенемін.

– Абай ұрпақтары туралы қандай мағлұмат бар?

– Құнанбай ұрпақтарының тоз-тозы шыққаны белгілі. Сталиндік репрессия кімді аясын. Абайдың көп ұрпақтары арасынан екеуі ғана жер басып жүр. Бірі – Алматыда, екіншісі Ресейде тұрады. Орыстанып кеткендер екен.

– Абайдың 180 жылдығында не мәселе баса ескерілуі керек деп ойлайсыз?

– Иә, биыл – ұлы Абайдың 180 жылдығы. Ұлы ұстаздың мерейтойы ешқашан ескерусіз қалған емес. Осы жылы да халық пен биліктің назарында боларына сенемін. Абайды халық жүрегіне жақындатудың амалы – кемел ой, іргелі ілімдерін мектептің, ЖОО-ның бағдарламасына енгізу деген ойдамын. Педагог мамандардан абайтануды игеруді талап ету керек. Нақты биылға келер болсақ, ұлан-асыр той тойлау қажет емес, даңғаз шудан жұрт зәрезап болған. Қаржы Абай жинағын шығаруға құйылса. Қазіргі жинақтар ескіше, хронологиясы түзетілмеген, әр шығармаға түсінік беріл-

батысшыл боламыз деп әрнеге еліктеп, әуесқой болуды азайтпай болмайды. Сонда ғана өз жанымызға үніліп, ес жиятын боламыз. Тіліміз, дініміз қалпына келеді дегендей. Бүгінгі рухани тығырықты Абай, Шәкәрім көре білген, айтудай айтып, ескерткен болатын. «Пайда оймама, ар ойла» дегендей.

– Мұхтар мен Қайымнан кейінгі абайтанушылар не жаңалық тапты?

– Уақыт бір орнында тұрмайды, ғылым да сол сияқты үнемі дамып отырады. Нақты айтар болсақ, тәуелсіздік дәуірінде ғұлама Ақжан Машани ағамыз «Фараби және Абай» атты кітабында Абайдың Шығысына есік

меген дегендей. Абай жинағы казактың бас кітабы емес пе? Абайтанушы ретінде менің көкейімді тескен осы – Абай кітабын сапалы қылып даярлау мәселесі екенін несие жасырайын?! Әзірге өзімді Абайдың «Сен асықты екен деп, Алла өмірін өзгертпес» деген сөзімен жұбатып жүрмін.

– Президент Абайға қатысты толымды пікірлер айтты. Рим Папасы жоғары баға берді Абайға. Орталық Азия елдері Абай тұлғасын тану үшін біздің тараптан қандай бастама қолға алынғаны дұрыс?

– Абайды әлем халықтары мойындап, бірі ескерткіш, енді бірі көше атауын беріп ұлықтап жатқанын естіп жатамыз. Бұл жағынан өкпе жоқ. Бірақ бұлар аздық етеді. Абайдың ең құнды еңбегі – «Тасдик» қазіргіше 38-ші қара сөз. Оны кеменгер берісі, түркі әрісі ислам әлеміне арнап жазған болатын. Демек, осы күрделі трактатты Орталық Азия елдері тілдеріне аударып, түсініктеме беріп тарату – аса маңызды шаруа. Тап осы іс-шара қолға алынса керемет болар еді. Аталмыш еңбек казак ойының, даналығының Эверест секілді шыңы. Мұны «Тасдикты» көп жыл зерттеген адам ретінде айтып отырымын. Сұхбатқа шақырғаныңызға зор алғыс! AIQYN-ның ойлы оқырманы көбейе берсін!

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан Гүлзина БЕКТАС



Еңбегің мен ақылың емес, қайратың мен ақылың болуы керек. Себебі бұл өлеңде де ақын адамның үш қасиетін (қайрат, ақыл, жүрек) өзек еткен. Бұл үшеуі ортағасырлық Ғазали сияқты ойшылдардың еңбектерінде де бар. Еңбек боп жазылып, түзетілмей қалуы – кешегі кеңестік идеологияның салдары. Сол стереотип әлі күнге тірі. Шындығында, еңбексіз жан-жануар да өмір сүре алмайды. Қайрат адамға ғана тән, ол ерік-жігер деген мағынаны білдіреді.



– Аскар Сүлейменов афоризм жүйірігі болған соң айтып қалған нақылының бірі ғой. Шындығында, Абай ешқашан да ескірмейді, өйткені тек қана руханиятты, рухани жетілуді айтқан. Адам бол идеясын қалыптап, казакты соған көтеруге бар күшін сарқа жұмсады.



## МӘСЕЛЕ

1 АҚПАН 2025 | СЕНБИ

Кейінгі жылдары Жамбыл облысында қызылша шаруашылығы қарқынды дамуда. Тәтті түбірден таудай табыс түсіреміз деген ниетпен еңбек адамдары жылда егістік алқабын ұлғайтып, өнімділікті арттыра түсті. Алайда былтыр балтамырды егу жүйелі жоспарланбай, шаруалар өнімін өткізетін жер таппай шырыл қақты. Енді, міне қыс қаһарына мінгенде қант қызылшасы қар астында қалып отыр. Ал еңбек адамдары тәтті түбірін зауыттарға өткізе алмай, әлі күнге ұзынсонар кезекте тұруға мәжбүр. Мұндайда енді қайтпек керек? Сонда шенділер берген уәде «уәде» күйі қалғаны ма?



## ҚЫЗЫЛША

## КАНТ АСТЫНДА ҚАЛДЫ

## ШЕНДІЛЕР ҚАШАНҒЫ ҚҰРҒАҚ УӘДЕМЕН ҚАТЫРАДЫ?



**А Саятхан САТЫЛҒАН,**  
Жамбыл облысы

Бүгінде Жамбыл облысында 2 қант зауыты бар. Оның бірі Тараз қант зауыты болса, екіншісі – Меркі қант зауыты. Тараз қант зауыты былтыр тәтті түбір қабылдаудан бас тартса, Меркі қант зауыты келісім бойынша 456 мың тонна өнімді қабылдап, межелі жұмысты аяқтады деп отыр. Алайда тәтті түбір еккен шаруалардың өнімі әлі күнге егістікте тау-тау болып үйіліп жатыр. Оның біразы шіріп, ит-құсқа жем болуда.

– Күздің басынан басталған күйбен тіршілік әлі жалғасуда. Соңғы күндері күніміз зауыт есігін күзетумен өтіп жатыр. Қантардың қара суығы қарып барады. Бұлар қантты «өңдеп алайық» дегеннің өзінде қанша уақыт күтеміз, белгісіз. Ақпан келе жатыр, кейде дауыл, кейде қар. Бүгінде Меркі қант зауытының алдында 4 мың, Жетісу облысындағы Ақсу қант зауытының алдында 2 мың тонна тәтті түбірін кезек күтіп тұр. Басшылар «мәселені шешеміз, далада қалдырмаймыз» деген. Бірақ шынды айтсам, бұл онай шешілетін мәселе емес. Үкімет өнімнің тасымалына 3 теңгеден береміз деген. Дегенмен ол ақша тек Жетісуға жөнелтетін көліктерге беріледі, ал Меркі қант зауытына ол мүмкіндік қарастырылмаған. Бір сөзбен айтқанда, мол өнім далада, қар астында қалып, рәсуа болу-

да, – дейді «Аспан-Агро» ауыл шаруашылығы кооперативінің басшысы Саха Манатов.

Ал Жамбыл облысы бойынша фермерлер одағының төрағасы Дулат Сұлтанбеков Ақсу қант зауыты тым алыс болғандықтан, жол шығыны ақталмайтынын айтады.

– Жетісу облысы мен Жамбыл облысының аралығы мың шақырымға жуық. Әулиеатадан Ақсудағы зауытқа қызылша артқан көлік апта салып әрең оралады. Облыста 11 мың гектардан астам қызылша егілді. Осыған сай күні бұрын қамданып, дайындық жасалуы керек еді. Енді кеп шаруалар шырылдап отыр. 2023 жылы пияз егіп, су болмай, егінін құрғатып алғанның бәрі былтыр қызылша екті. Сол кезде билік тарапынан «қызылша егіндер, өнімді алатын зауыт бар, кепілдік береміз» деген әңгімелер айтылған. Міне, енді



**Жамбыл облысы бойынша фермерлер одағының төрағасы Дулат Сұлтанбеков Ақсу қант зауыты тым алыс болғандықтан, жол шығыны ақталмайтынын айтады.**

өнім өткізетін зауыттың жағдайы мүшкіл. Меркі мен Ақсудағы қант зауыттары қатты ескіргендіктен, жұмыстары да тым баяу жүріп жатыр, – дейді Дулат Сұлтанбеков.

«Дақылымыз далада қалды» деп дабыл қаққан диканның бірі – байзақтық Қамбар Қатаев. 60 гектар алқапқа қызылша егіп, 5 мың тонна өнім алған шаруаның тәтті түбірінің тең жартысы шіріп кеткен.

– Бейнеттеніп, жаздай істеген жұмысымыздың бәрі далада қалды. 120 миллион теңге жұмсаған қызылшам қар астына көміліп, мал жайпап, шіріп жатыр. Оны

алатын адам әлі белгісіз. «Ана жаққа апар, мына жаққа әкел» деп ешкім айтып жатқан жоқ. Бұлай кете беретін болса санаулы күндерден кейін өнім сатуға жарамай қалады, – дейді сенімі селге кеткен Қамбар шаруа.

Осы орайда күннен-күнге күрделеніп кеткен мәселенің күрмеуі қашан шешілетінін білмек мақсатында Жамбыл облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының есігін қақтық.

– 2024 жылы 11,2 мың гектарға егілген қызылшаны 5 жылдағы өнімділікпен есептегенде 350-360 мың тоннаға жуық өнім алу күтілген болатын. Бірақ ауа райының қолайлы болуы мен облыс фермерлерінің агротехникалық шараларды жетік меңгеруінің нәтижесінде 11,2 гектардан 640 мың тоннадан астам

Бұдан бөлек, атқамінердің айтуынша, қазір өңірде зауытқа өткізілмеген өнімнің 10-15 пайызы қалыпты. Меркі қант зауытының одан әрі тәтті түбір қабылдауға қуаттылығы жетпейде. Сондықтан Ақсу мен Қырғызстан мемлекетіне 100 мың тонна тәтті түбір жіберу жоспарлануда. Сондай-ақ шенділер көктем шыққанша барлық өнім зауыттарға өткерілетініне сендіруде.

Осылайша, билік өкілдері тағы көлдей уәдені үйіп-төкті. Алайда шаруалар бұған сенуден қалған. Дикандардың айтуынша, қазір қант зауыттары өнімді қабылдауға қарсы емес екен. Алайда тәтті түбірдің бағасын тым түсіріп жіберген. Осылайша, кәсіпорын басшылары шаруалардың қинағанын пайдаланып, қалта қамын қамдап алмақ көрінеді. Дикандардың бұл дабылына жергілікті билік өкілдері үн қатып, күні кеше Меркі қант зауытының басшылығымен сөйлесуге барған. Алайда келіссөздер ортақ бір мәмілеге келмеді.

Көктем айының келуіне бір қай ғана уақыт қалды. Биыл Ауыл шаруашылығы басқармасы қант қызылшасын 6,4 мың гектарға орналастыруды жоспарлауда. Алайда аузы күйген шаруалардың дені қызылша егуге құлықты емес. Олар тәтті түбірден гөрі биыл қат дүниеге айналған картоп егуге ниетті. Әсіресе, қордайлық дүнгендер қазірден қамдануда.

Жасыратыны жоқ, алдыңғы жылдары аймақта қант тапшы болып, келесі жылы шаруаларға қант қызылшасын егу үнделген болатын. Алайда шаруалар жоспарлы межені артығымен орындағанымен, әкімдік оны кәдеге жаратуға дайын болмай шықты. Енді, міне биыл картоп болмай, дикандар осы өнімді егуге ықылас танытуда. Алайда ертең сол картопты да өткізе алмай, шаруалар тағы шырыл қақпасына кім кепіл? Сондықтан билік өкілдеріне ауыл шаруашылығы саласына қатысты кешенді, нақты межеленген, бары мен жоғы зерделенген Жол картасын жасау керек-ау. Әйтпесе, шенділердің сөзіне сенген шаруалар жылда мол өнім алғанымен, соңы бармақ тістеп, сан соғуда.



## ӨЗЕКТІ

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

**А** Алтынай  
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

Мемлекеттік сатып алу порталының дерегіне сүйенсек, қала билігі 2020 жылы 21 желтоқсан күні Mega build Kazakhstan ЖШС-мен 1,47 млрд теңгеге крематорий салу туралы келісімге қол қойған. Құжаттарға сәйкес, крематорий құрылысы 2021 жылдың 21 қыркүйегінде қолданысқа берілуге тиіс еді. Алайда миллиардтаған қаражат қарастырылған ғимарат әлі күнге дейін іске қосылған жоқ. Ұзаққа созылған мәселенің түйінін тарқатуға не келергі? Ал крематорийдегі «жұмыс істеу ережесі» мен мұнда қызмет ететін кадр мәселесі қалай шешіліп жатыр? Көптің көкейіндегі басты сұрақты Алматы қаласының әкімдігіне жолдағанымызбен, сауалымызға нақты жауап ала алмадық...

Өткенге шегінсек, Қазақстанда крематорий салу туралы мәселе ең алғаш 1980-жылдары көтерілген еді. Сондай-ақ 2003, 2012-жылдары да бұл тақырып қоғам назарына қайта оралып, кейін халықтың қарсылық танытуымен жоба жүзеге аспай қалды. Дәлірек айтсақ, шаһардың Құрылыс басқармасы Қазақстандағы мұсылман қауымының мәйітті өртеу рәсіміне қарсы шығуына байланысты елде крематорий ешқашан салынбайтынын мәлімдеді. Алайда халықтың қарсылығына қарамастан аталған мәселе қайта көтеріліп, нәтижесінде қалада қайтыс болған адамды өртеуге арналған нысан бой көтерді.

Жақсы, жұрттың талқысына түскен тақырып нүктесін қойып, жоспарланған ғимарат салынды дедік. Дегенмен крематорий құрылысы ерекше назарға алынуға тиіс бірқатар ережелерді талап ететін күрделі жұмыс. Солардың алғашқысы – санитарлық нормалар. Себебі санитарлық ережелердің дұрыс жүзеге аспауы экологиялық апаттарға әкеліп қана қоймай, адам денсаулығына кері ықпал етеді. Крематорий мемлекеттік сараптамадан өткен бе? Нысан құрылысына қойылатын санитарлық нормалар мен талаптар қандай? Қалдықтарды утильдеу немесе сақтау бойынша қандай да бір ережелер бар ма? Крематорийді пайдалануға беру кезіндегі тексеріс процесі қалай жүреді? Осы және өзге де маңызды сұрақтарды эпидемиолог мамандарға қойып көргенімізбен, олар бұл сұраққа тұшымды жауап алу үшін бізді Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне бағыттады. Тиісінше, біз де көкейдегі сауалдарымызды ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне жолдадық.

Құрылыс жобасын мемлекеттік сараптамадан өткізу және қажетті құжаттардың болуы жөніндегі сауалымызға жауап берген Өнеркәсіптік, радиациялық-қауіпті және коммуналдық объектілерді санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) басшысы Нұржан Қисабеков объектілерді жобалау, реконструкциялау, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарымен айқындалатынын атап өтті. Оның сөзінше, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – кодекс) 46-

сыдан бес жыл бұрын еліміздің оңтүстік астанасы Алматы қаласында крематорий салынатыны жөнінде ақпарат тараған-ды. Десек те, бұл мәселе бірнеше жыл бойы талқыға салынып келді. Сонымен көпті шулатқан крематорий ақыры Алатау ауданында салынатын болды.

## ЕКІНШІ ДҮНИЕ ЕСІГІ: кезек

# КРЕМАТОРИЙГЕ келді



бабы 2-тармағына сәйкес құрылыс және реконструкция жобаларының санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасы «Мемсараптама» РМҚ ведомстводан тыс сараптамасы шеңберінде жүргізіледі.

Нұржан Мұхаметғалиұлы крематорий құрылысына қойылатын санитарлық нормалар мен талаптар туралы, ең алдымен, Кодекстің 95-бабының 4-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге (бұдан әрі – НҚА) санитариялық қағидалар, гигиеналық нормативтер, қағидалар, техникалық регламенттер және Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларына қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар жататынын алға тартты.

– Крематорий ғимаратынан тұрғын және қоғамдық ғимараттарға дейінгі нормативтік қашықтықты сақтауға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ДСМ-2 бұйрығымен бекітілген «Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен регламенттеледі. Крематорийдің санитариялық-қорғаныш аймағының (бұдан әрі – СҚА) нормативтік өлшемі пештердің санына байланысты болады. Осылайша, егер крематорийде 1 пеш пайдаланылса, онда СҚА нормативтік өлшемі кемінде 500 метрді (қауіптіліктің 2-сыныбы) құрауға тиіс, ал 1 пештен көп болған жағдайда – кемінде 1000 метрді (қауіптіліктің 1-сыныбы) құрауға тиіс, – деді ол.



**Ал енді құрылысы аяқталған крематорий қолданысқа берілген күннің өзінде ел ішінде қажеттілік болуы мүмкін бе? Дінтанушылар бұл жөнінде қандай көзқарас танытады?**

Бұл ретте крематорий қызметін жүзеге асырудың міндетті шарты – СҚА шекарасындағы және елді мекеннің тұрғын аймағындағы атмосфералық ауа сапасының нормативтік көрсеткіштерін сақтау. Сондай-ақ атмосфералық ауадағы ластанушы заттардың шекті рұқсат етілген концентрацияларының нормативтік көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығымен бекітілген Қалалық және ауылдық елді мекендердегі, өнеркәсіптік ұйымдар аумақтарындағы атмосфералық ауаның гигиеналық нормативтерінде көзделген. Сәйкесінше, Басқарманың бас сарапшысы Елена Такамбаева Кодекстің 82-бабына сәйкес крематорийге жақын тұратын халыққа теріс әсер етуді болдырмау мақсатында кремациямен айналысатын субъектілер НҚА барлық талаптарын орындауы, оның ішінде СҚА белгіленген шекарасындағы атмосфералық ауаның нормативтік көрсеткіштерін сақтауға тиіс екенін негізге алды.

– Қазір Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті



# келді

ДСМ-81-ге крематорийлер мен колумбарийлердің үй-жайларын күтіп ұстауға және олардың жиынына, персоналды тұрмыстық қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды көздеу бөлігінде түзетулер енгізіп жатқанын, түзетулер жобасы қазіргі уақытта мүдделі мемлекеттік органдармен келісу сатысында екенін қосымша хабарлаймыз, – деді Елена Шаймұратқызы.

Медициналық қалдықтар-калық медициналық қалдықтарды жинау, сақтау және жою мәселелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен регламенттеледі.

– Осылайша, патологиялық-анатомиялық және операциялық органикалық медициналық қалдықтар кремацияға (өртеуге) немесе зираттарда арнайы бөлінген учаскеде көмуге жатады. Инфекциялық аурумен ауыратын науқастардың қалдықтарын қоспағанда осы медициналық қалдықтарды алдын ала зарарсыздандыру қажет етілмейді. «Б», «В» сыныптарының медициналық қалдықтары арнайы залалсыздандыру қондырғыларында: +1000 – +1200°С температурада жұмыс істейтін екі камералы пештерде (инсинераторларда) залалсыздандырылады, – деді басқарманың бас сарапшысы Е.Такамбаева.

Нұржан Қисабековтің айтуынша, кодекстің 20-бабына және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес эпидемиялық мәні жоғары объектілерде НҚА талаптарын сақтау бойынша объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды (бұдан әрі – СЭҚ) алу қажет.

Сондай-ақ кодекстің 46-бабына сәйкес тіршілік ету ортасына және адам денсаулығына әсер ететін объектілер (көздер) үшін СҚА белгілеу және зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізу бойынша жобалық құжаттамаға СЭҚ алу қажет. Қорыта айтсақ, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына сәйкес (Кодекстің 36-бабының 4-тармағы) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру және профилактикалық бақылау түрінде жүзеге асырылады, – деді Н.Қисабеков.

Ал енді құрылысы аяқталған крематорий қолданысқа берілген күннің өзінде ел ішінде қажеттілік болуы мүмкін бе? Дінтанушылар бұл жөнінде қандай көзқарас танытады?

Белгілі дінтанушы Кеңшілік Тышқанұлы крематорий қажеттіліктен туған мәселе емес екенін, онымен қоса елімізде нысан ішінде қызмет ететін кадрлардың табылуы да екіталай болуы мүмкін екенін түйреп өтті.

– Дін тұрғысынан алып қарасақ, қайтыс болған адам топыраққа қайтарылмауға тиіс деген сенім бар. Осыған дейін Алматыда крематорий салу туралы мәселе бірнеше мәрте көтерілді, бірақ сонында салынбады. Меніңше, крематорийде жұмыс істейтін мамандардың өзін табу қиын болатын шығар. Себебі бұл мәселенің жүзеге асуына біздің менталитетіміз мүмкіндік бермейді деп ойлаймын. Ешбір халық немесе ешқандай дін өкілдері жақын адамдарын крематорийге өткізгісі келмейді. Сондықтан бұл қажеттіліктен туындаған мәселе емес. Қазір елімізде жер, қабір, зират, жерлеу мәселесінде жетіспеушілік байқалмайды. Оның үстіне халық саны да крематорийді қажет етіп отырған жоқ. Егер халық саны артып, зираттардың шекарасы кеңейіп, қажеттілік туындап жатса, бұл мәселе көтерілер еді. Шын мәнінде, крематорий қызметі ұлтымызға, дәстүрімізге, сенімімізге сәйкес келмейді, – деді дінтанушы К.Тышқанұлы.

Қорытындыласақ, сонымен Алматыда бой көтерген крематорий нысанының нақты қай уақытта ресми түрде іске қосылатыны, мұнда кімдер қызмет ететіні, сондай-ақ ғимараттың «жұмыс істеу тактикасы» жөнінде ақпарат әлі күнге дейін белгісіз. Естеріңізге салсақ, осыған дейін Алматыдағы крематорийдің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша тендерді «ДНТ Центр Строй» ЖШС жеңіп алды. Келісімшарт негізінде компания 2020 жылдың қазан айының соңына дейін 44,5 млн теңгеге жұмысты толыққанды орындауға тиіс еді.

Өткен жылдың соңында Ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік желілердегі «әдемі өмір» және «успешный успех» культі адамдарда бәріне оңай және қарапайым жолмен қол жеткізуге болады деген ой тудыратынын, жастардың осыған сеніп, уақыттарын босқа өткізіп жатқанын атап өткен еді. Мемлекет басшысы айтқан «әдемі өмір культі» дегеніміз не? Ол қалай пайда болды? Мұның залалы қандай? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік...

«Бүгінде әлеуметтік желілердегі әдемі өмір мен «сәтті жетістік» деп аталатын агрессивті жарнама адамдарда бәріне қол жеткізу оңай және қарапайым деген ой тудырады. Кейбір жастар осыған сеніп, қымбат уақыттарын босқа өткізеді. Шыны керек, кез келген жетістіктің артында тынымсыз еңбек жатыр», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында. Сондай-

# АМЕРИКАЛЫҚ АРМАН немесе

## «ӘДЕМІ ӨМІР» — ЖАЛҒАН

**А Наурызбек САРША**

ақ ол еңбекқорлық пен жауапкершілік ұлтымызға тән қасиетке айналуға тиіс екенін атап өтті. «Мен еліміздің әрбір азаматының өмірлік мақсатының адал әрі жауапты еңбек арқылы табысқа жету болғанын қалаймын. «Жауапкершілігі мол азамат — адал еңбек — адал табыс» қағидасының мәні де осында», — деді Президент. Сонымен «әдемі өмір культіне» тоқталайық.

Өткен ғасырдағы Голливуд фильмдерін еске түсіріп көрелікші, ондағы Америка өмірі қалай суреттелуші еді?! Екіқабатты үлкен үйде тұрып жатқан отбасылардың бақытты ғұмыры, есік алдындағы қымбат көлік, тіпті коғалдары тегіс қырылған алаң, танертең «ағылшын таңғы асын» ішіп, жұмысына асыққан, шалбарының қыры сынбаған отағасы. Қамсыз өмір. Байқасақ кез келген адамның армандаған тәтті ғұмыры. Осыдан келіп «америкалық арман» (American Dream) деген ұғым пайда болды. Бұл ұғым, тіпті Америка Құрама Штаттарының миллиондаған халқы өркеніетті өмірге жетелейтін ұлттық идеяға айналып үлгерді. Яғни, «америкалық арман» — адамды бақытқа жеткізеді деп түсіндіріп, «егер америкалық жүйе америкалық саясаттың қанқасы болса, онда америкалық арман — оның жаны» деп есептеді. Дегенмен өткен ғасырдың аяғында, 1990-жылдардың басында зерттеушілер «америкалық арман» тұжырымдамасын білдіретін сәттілік идеясының қоғамға кері әсері барын да байқайды. Олар бұл идеямен ауырғандардың тек ақша мен мансапқа ұмтылатындығын түсінді. 1993 жылы «американдық арманның» теріс әсерін зерттеген ғалымдар үш зерттеуді талдайды. Алғашқы екеуінің нәтижелері сәттілік пен байлыққа деген ұмтылыс студенттердің әл-ауқаты мен психикалық денсаулығына нашар әсер ететіндігін көрсетті. Студенттер өздеріне деген сенім-

діліктің төмендеуін сезініп, депрессия мен мазасыздыққа ұшыраған. Ал әртүрлі әлеуметтік топтағы жастарды қамтыған үшінші зерттеу «америкалық арманның» зияны туралы тұжырымдарды толығымен растады. Яғни, адамдар өздерінің қаржылық әл-ауқаты мен табысына басымдық берген сайын, олар өздерінің өмірге бейімделмеген жан ретінде сезініп, өз болмыстарын қабылдауда қиындықтарға тап болған. Бұл адамдармен қарым-қатынаста көбірек көрініс тапқан. Сонымен қатар адамдарда мінез-құлықтарының өзгеруі жиілеген. Мұның себебі «америкалық арман» екінің бірі қол жеткізетін оңай дүние емес еді. Тіпті, аспандағы Аймен тең деуге болады. Осы ретте бір қызық дерек келтірелік. Investopedia статистикасына назар салсақ 2024 жылы «америкалық арман» орта есеппен 4,4 миллион долларды құраған екен. Онда үй жағдайында өмір сүру бойынша орташа бағам болжаммен есептелінген. Оның ішінде үйлену, екі баланы тәрбиелеу, үй сатып алу, отбасына жаңа көліктер сатып алу, зейнеткерлікке ақша жинау, жыл сайынғы еңбек демалысы және тағы басқа шығындар қарастырылды. Сондай-ақ көпшілік көз тіккен Америкада зейнеткерлікке шығу үлкен дайындықты талап етеді. Ең кем дегенде зейнет жасына жеткенше қорға 1,6 миллион доллар жинақтау керек. Ал үй сатып алу үшін 20% бастапқы жарна мен 30 жылдық ипотеканы ескере отырып, жалпы сомасы 930 мың АҚШ доллары қажет. Одан кейін бір отбасы 17 жасқа дейінгі екі баланы тәрбиелеуге және мемлекеттік колледжде төрт жыл оқуға 832 мың доллар төлеуге дайын болуға тиіс. Ал 29-дан 74 жасқа дейінгі екі жаңа көлікке ие болу үшін 811 мың доллар жұмсалады. Бұл машинаны жөндеу, жүргізу шығыны есепке алынбаған. Дегенмен АҚШ Халық санағы Бюросы Америка қоғамдастығы сауалнамасына сәйкес, АҚШ-тағы орташа бақалавр дәрежесінің иегері мансап

жолында шамамен 2,8 миллион доллар табыс табады. Ал әйелдер 2,4 миллион доллар, ал ер адамдар 3,3 миллион доллар жұмсайды. Осы тұста айта кеткен жөн, «4,4 миллион АҚШ доллары — өмір сүру үшін жұмсалынатын жалпы қаражаттың бір бөлігі ғана» дейді зерттеушілер. Демек, «америкалық арманның» ауылы қарапайым тұрмыс кешіп жатқан жандар үшін қашық.



рикалық арманның» ауылы қарапайым тұрмыс кешіп жатқан жандар үшін қашық.

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ «ТІРШІЛІК»

Иә, Президент айтқан әлеуметтік желідегі «әдемі өмір» бүгінде көпшілікті әлекке салуда. Өнер жұлдыздары мен табысты кәсіпкерлердің әлеуметтік желідегі ғажайып өмірі кім-кімді болса да қызықтырмай қоймайды. Дегенмен олардың шынайы өмірі де әлеуметтік желідегідей ме?! Әлеуметтануда «Үйрек синдромы» деп аталатын құбылыс бар. Ол адамның әлеуметтік желідегі жазбаларында көрсететін «идеалды түрі» және оның шынайы өмірі арасындағы айырмашылықты түсіндіреді. Яғни, адам өзінің шынайы өмірі мен әлеуметтік медиасы арасында әртүрлі әрекет етеді. Бұл синдром адамның әлеуметтік желіде бөлісетін ақпараты мен суреттері шынайы өмір тәжірибесін көрсетпейтінін білдіреді. Осы ұғымды алғаш рет Стэнфорд университеті ойлап тапқан. Мамандар «үйрек синдромы» терминін студенттердің кез келген күйзелісті, депрессияны, өз-өзіне күмәнданушылықты басу кезінде сырттан сабырлы болып көріну қабілетін түсіндіру үшін қолданды. Неліктен «үйрек» деген сауалға жауап ізденсіз, су бетінде мінсіз жүзіп бара жатқан үйрекке назар салсаңыз болғаны. Судың үстінен қараған кезде үйректе ешқандай ауыртпашылық жоғын байқайсыз. Ал негізінде нағыз қиындық — судың астында. Үйректің көл астындағы аяқтары бір машина секілді тынымсыз жұмыс істейді. Әлеуметтік желілердегі адам өмірлері де сондай. Себебі әлеуметтік медиа — бұл барлық нәрсеге ешбір күшсіз, күрессіз қол жеткізілетіндей әсер

қалдыру үшін қолайлы орта. «Үйрек синдромының» белгісі бар адамға ең көп әсер ететін негізгі деталь — басқа адамдар. Яғни, қазақша нұсқасында «жұрттың балалары». Өзгенің табысты өмірін жиі бақылау — өзіңізге деген сенімділікті төмендетеді. Бұл синдром адамда алаңдаушылық пен деп-

окиғалардан тыс қалмау үшін әлеуметтік желілерді үнемі тексереді. Бұл шектен тыс алаңдаушылыққа, өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне және виртуалды әлемде уақытты бос өткізуге ықпал етеді.

FOMO синдромы өзгелердің өміріне қызығушылықтан туындаса, керісінше сіздің жазған суреттеріңіз бен салған суреттеріңізге деген өзгелердің пікірін білуге құштарлық «Селфи» синдромы деп аталады. Әдетте, мұндай адамдар әр суретін өңдеп, оны желіге жүктеген соң аудиториясынан реакция күтеді. Тиісті фидбек ала алмаған жағдайда көңіл-күйі түсіп, психикалық ауруға шалдығуы да ғажап емес.

### «GOOGLE ЭФФЕКТИСІ»

Әлем әлеуметтанушылары мен психологтері ақпараттың шектен тыс көп болуы ақпарат вандализмінің пайда болуына себеп болады деп есептейді. Lost Art of Reading деген кітапта автор Дэвид Улин «Мен үнемі ақпаратқа мас болудан зардап шегемін» деп жазады. Бұл ретте тағы бір синдром — «Ақпаратты шамадан тыс қабылдау» синдромы да бар. Бұл синдром жұмыс пен оқуда зейіннің төмендеуіне, көңіл-күйдің құбылмалы болуына және үнемі ұйқыдан тұрғанда түсініксіз дел-сал күйдің болуына әсер етеді. Сондай-ақ «Ақпараттан шаршау синдромы» деген де бар (Information fatigue syndrome — кейбіреулер ақпараттық шаршау деп аударуы да мүмкін). Бұл — шындықты дұрыс бағалай алмауға, жалған қорытынды мен қате шешімдер шығаруға әкелетін адамның нақты психологиялық жағдайын көрсететін ұғым. Терминді 1996 жылы америкалық нейробиолог Дэвид Льюис енгізіпті. Ақпараттан шаршау адамның көңіл-күйінің күрт құбылмалы болуына және негізсіз шешімдер қабылдауына итермелейді. Ақпарат шамадан тыс болғандықтан, ми қобалжу күйге түсіп, мәліметтердің қажетті көлемін адекватты түрде қабылдауға және өңдеуге қабілетсіз болады. Тым көп ақпарат адамды көбінесе аналитикалық ойлау қабілетін сал етіп тастайды. Дэвид Льюис бұл құбылыстың мынадай белгілері бар дейді: 1) жаңа ақпаратқа және оның ықтимал көздеріне үнемі құштарлық; 2) созылмалы ұйқысыздық және жаңа күн үшін тағатызданду мен алаңдау; 3) шешім қабылдау қабілетінің төмендеуі (алған ақпарат туралы ойлануға уақыт жоқ).

Байқасаңыз, соңғы уақытта адамдардың есте сақтау қабілеті төмендеп бара жатқан сынайы. Бұған толассыз ақпараттар ағыны мен әп-сәтте телефоннан қарай салатын ақпараттарды жаттаудың қажеті жоқ деп санайтын шешімдік де қатысы бар. Яғни, технология ықпалынан есте сақтау жадының төмендеуін «Google эффектісі» деп атайды. Google эффектісіне — ақпаратты есте сақтаудың орнына сұрақтарымызға жауап алу үшін Google сияқты іздеу жүйесіне сүйенетін құбылыс деп анықтама беруге болады. Интернеттен қажетті ақпаратты оңай таба алатынымызды білгенде, біз бұл деректерді жадымызда сақтауға тырыспаймыз.



## КӨКЖИЕК

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ



Әлемде жасөспірім қыздардың 24 пайызы физикалық және жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. 2023 жылы жаһан бойынша 15-19 жас аралығындағы әрбір алтыншы қыз зорлық-зомбылықтың құрбанына айналды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы The Lancet журналында жарияланған жаңа баяндамасында осындай тең деректерді бөліседі.

### Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы


Жоғарыда аталған көрсеткіштің одан сайын «тамыр жаюына» әсер ететін қорқынышты оқиғалар елімізді де айналмай өтпеді. Қазір қыз-келіншектердің қауіпсіздігі мәселесі елімізде заңнамалық тұрғыда бекітілсе де, өз орнын толыққанды таппаған, күйіп тұрған мәселелердің алдыңғы шебінде тұр. Алайда бұл күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналғанына қарамастан ДДСҰ жариялаған деректер 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылықтың ең төменгі көрсеткіші Орталық Азия мен Орталық Еуропада байқалатынын мәлімдеген (10-11%).

Қазақстанда зорлық-зомбылықпен күресу жолында іске асырылған жобалар жоқ деуге келмейді. Мәсемен мемлекеттік деңгейде ғана емес, қоғам болып айқасып

келеді. Сол қоғамның ішінде мектеп оқушылары да барын ерекше атап өтуге болады. Олардың қатарында Алматы қаласындағы білім ошақтарында білім алатын Жәния Кенжеғалиева, Жансая Масакбаева, Сәбина Алмасқызы және Махаббат Мақашева есімді оқушылардан құралған команда бар. Команда мүшелері қыздардың өмірін жақсартуға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жеке дамуына қолдау көрсетуге бағытталған инновациялық жоба ойлап тапқан. Жоба авторлары «әу баста қыздарға ақпарат беру арқылы өзін-өзі қорғауға, білім алуға және дамуға мүмкіндік беретін мобильді қосымша жасауды мақсат тұттық» дейді.

— Статистикаға сүйенсек, елімізде 15-19 жас аралығындағы әр бесінші қыз ерте жүктілікке тап болады. Оның негізгі себебі — жыныстық білімнің жоғы. Тағы бір үлкен мәселе — қыздарға арналған бірінші ақпараттық және қауіпсіз орта қалыптастырудың жетіспеу-

## QYZBOLSYN – ҚЫЗДАРҒА ҚОЛДАУ БОЛАР ҚОСЫМША



физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы С.Алмасқызы.

Мобильді қосымшаны әзірлеу барысында жасанды интеллект, анонимдік жүйе және интерактивті материал сынды жаңа инновациялар қолданылған. Қосымшаға тіркелген пайдаланушының деректері толықтай қорғалады, сондай-ақ оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында подкаст, аудио және визуалды форматтар ұсынылады.

Қыз-келіншектерге арналған мобильді қосымшалардың қазақстандық нарықта сұранысы қандай? Команда мүшелерінің сөзінше, елімізде, әсіресе қыз-келіншектер аудиториясының арасында цифрлық шешімдерге деген қызығушылық артып келеді. Онымен қоса, жобаны қолданысқа енгізбес бұрын мектеп оқушылары аудиторияның сұранысы мен қажеттілігін анықтау үшін зерттеу жұмысын жүргізіп көрген.

— Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әйелдердің 70 пайызы онлайн платформаларды қолдана отырып, жеке даму мен өмір сапасын жақсартуды қалайды. Бірақ қазақстандық нарықта мұндай қосымшалардың жетіспеушілігі байқалады. Qyzbolsyn жобасы сол бос орынды толтыруды мақсат етеді. Әсіресе, бұл қосымша елімізде білім мен қауіпсіздікке негізделген платформаларға сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.

Біз жобаны жүзеге асырмас бұрын зерттеу жүргіздік. Мақсатты аудиторияның арасында 120 қызды қамтитын сауалнамалар мен сұхбаттар өткіздік. Зерттеу нәтижесінде қыз-келіншектер өз қауіпсіздігіне алаңдайтынын, қыздарға психологиялық қолдау мен қауіпсіз орта құру қажетін түсіндік, — деді топ мүшесі Сәбина.

Жансаяның айтуынша, қазір команда мүшелері инновациялық қосымшаны осыған дейін стартаптар байқауында иеленген ақшалай ұтыспен қаржыландырып келеді. Былтыр жоба үш бірдей республикалық және халықаралық деңгейдегі байқауда жеңімпаз деп танылып, 2 млн теңге көлемінде қаржы ұтып алған еді. Мектеп оқушылары енді мобильді қосымшаны акселераторлар мен инкубаторлар арқылы дамытуды көздейді.

— Біздің басты маркетинг құралымыз — әлеуметтік желілер. Мақсатты аудиториямыз жас қыздар болғандықтан, Instagram мен TikTok желісінде парақша ашып, жүйелі түрде пайдалы ақпарат бөлісіп отырамыз. Онлайн белсенділіктен бөлек, офлайн іс-шаралар ұйымдастырамыз, түрлі жәрмеңкеге қатысамыз. Қыздар интернеттегі сенімсіз ақпарат көздеріне сүйенбей, Qyzbolsyn қосымшасын қолдану арқылы қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Қосымша «қалтадағы әпке» ретінде жұмыс істейтінін ескерсек, қолданушыларға өз пікірін, мәселелерін бөлісу, менталды, физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету әлдеқайда тиімді болады деп ойлаймыз, — деді физика-математика бағытындағы НЗМ 12-сынып оқушысы Ж. Масакбаева.

Оқушылардың ізденісі мен айналадағы жайсыз жайттарға бейжай қарамауының арқасында қолданысқа енген инновациялық жоба қыз-келіншектердің қоғамдағы рөлін өзгертуге көмектеседі. Қазір команда мүшелері аталған жобаның отандық нарықта қалыптасуын қозғайды. Келешекте мақала жазуға қабілетті сарапшы-авторларды іздестіріп, қазақтілді аудиторияға ұсынатын пайдалы әрі сапалы контент санын арттырығысы келеді.

## «КҮНДЕРІМНІҢ КУӘСІ» АТТЫ АЛТЫ ТОМДЫҚ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Кеше Ұлттық академиялық кітапханада мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековтің «Күндерімнің куәсі» алты томдық кітабының тұсаукесері өтті. Салтанатты шараға Парламент депутаттары, қазақстандық шығармашылық зиялы қауым өкілдері және жұртшылық өкілдері қатысты.

Алты томдық кітап автордың 1993 жылдың қарашасынан бастап үздіксіз жазып келе жатқан күнделіктеріне негізделген. Онда



елімізде болып жатқан аса маңызды тарихи оқиғаларға мән бере келіп, қоғамдық өмір туралы көзқарасын кестелейді, әр кезең мен ұрпақтың мінезі мен көңіл күйі,

өткен, қазіргі және болашақ туралы толғанады. Бұл негізінен автордың қағаз бетіне түскен жан сыры екені даусыз. Мырзатай Жолдасбековтің өзі жазғандай:

«Күнделік — сырласың. Онымен сырласуға, сөйлесуге болады. Ол — сенің сыңарың, жан досың. Мен күнделік жазбаған күні бірдеңе жоғалтқандай боламын».

Автордың әрбір оқиға туралы ойлары шынайы шежіре іспетті. Тұсаукесер барысында атап өтілгендей, тәуелсіз Қазақстанның тасқа басылмаған парактары ұлттық ерекшелікті сақтауда аса маңызды рөл атқарады.

Автордың айтуынша, күнделік небір ойларға да жетелейді. Қолына қалам алып, күнделіктің бетін ашсаң, уақыт, заман, адам туралы толғанасың. Кейде оның тұңғыш тереңіне түсесің. Жастарды жерден алып, жерге салып жататындарға таным бар. Бүгін сен түзелсең, ертең ел түзеледі, деп жазады автор.

Тұсаукесер барысында сондай-ақ көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, шығармашылық зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, жазушылар мен журналистер сөз сөйледі.



## ЖӘДІГЕР

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Тарих қойнауынан тамыр тартқан Сыр өңірінде тағы бір тосын жаңалық. Құм қойнауына жасырынған көне қалаларға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде ежелгі Жанкент шаһарынан жауһар жәдігер табылды. Тарихшылар мұны Орта Азия елдерінде сирек кездесетін тышқан аулайтын қақпан екенін мәлімдеп отыр.



# Сырдағы СЫРЛЫ ҚАҚПАН

**А** Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

Негізінен, ежелгі Жанкент қалашығы Қызылорда облысы Қазалы ауданы аумағында орналасқан. Нақтысын айтқанда, ауданға қарасты Өркендеу ауылдық округі орталығына таяу маңда топырақ басқан биік төбе бар. Кейіннен археологиялық қазба жұмыстарымен құм қойнауына жасырынған қорғанның Жанкент қаласы екені анықталған. Тарихи деректерге сәйкес, бұл көне Жанкент шаһарында өз заманында Түркі елдеріне ортақ тұлға болған Қорқыт бабамыз бен ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің тұрмыс кешкені айтылады.

Тарихи деректерге сәйкес, бұл шаһар — орта ғасырларда дәурен құрған

өткелі арқылы Жанкентке келіп, сауда жасағаны жайында ақпар айтылады.

Сол заманда қалада құмыра жасаушы, ұсақ қолөнерші, қару-жарак шығарушы зергерлер көп болған деседі. Өз заманында Жанкенттің сырты үш орам суға толтырылған орлармен қоршалыпты. Қаланың сырттан келетін саудагерлермен қарым-қатынас жасайтын төрт қақпасы болса керек. Түрлі зергерлік қолөнер бұйымдарының ордасы болған екен. Соңғы жылдары көне шаһарға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған түрлі жәдігерлер осыны айғақтай түскендей.



«Бұл жәдігер бұған дейін

Қазақстан территориясында Тараз қаласында және Өзбекстан жерінде табылған. Ал бұл жәдігер Сыр өңірінің ежелгі өркениеті үшін өте сирек кездесетін артефакт қатарына жатқызылып отыр. Тарихи дерекке сүйенсек, бұл жәдігер байлықтың, дәулеттің көрсеткіші болып саналады. Олай дейтініміз, қақпан қоймадан табылып отыр. Сәйкесінше, қоймалар ежелде дәулетті кісілердің үйіне тиесілі болған. Пайымдауымызша, қоймаға арпа, бидай, дәнді-дақылдар сақталған болуы мүмкін. Қақпан соған пайдаланылса керек. Яғни, дәулетті адамдар қыстық азығын ұзақ сақтау үшін осындай қақпанды пайдаланған деген болжам бар», — дейді облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі Айгерім Беккулиева.

Жалпы, құнды жәдігерді табу барысында көне шаһардың Шахристан бөлігінен жиырмаға жуық үйдің орны ашылыпты. Ал қақпан тек бір үйдің ғана қоймасынан табылған. Соған сәйкес, тұрмыста қолданылған бұл жәдігер Жанкентке өзге аймақтан әкелінген болуы мүмкін деген де жорамалдар айтылып жүр.

Құм қойнауынан табылған ескі қақпанның біздің заманымыздағы

қақпанға қарағанда құрылымы өзгеше. Бұл жайында зерттеушілер тарапынан түрлі болжамдар айтылып жүр.

«Бұл қақпан керамикадан соғылған. Өйткені сол заманда көптеген бұйымдар керамикалық күйдірілген қыштан дайындалатыны археологиялық қазба жұмыстары барысында әлдеқашан дәлелденіп отыр. Бір деректерге сәйкес, мұндай қақпандар сол кезеңде жерге қойылып қана қоймай, қабырғаға да ілінетіні жөнінде айтылады. Ерекшелігіне тоқталар болсам, қақпанның екінші бір үшкір жағынан жіп шығарылады. Сол жіпті тышқан кірген кезде тартып қалу әдісімен ауданады деген деректер айтылады. Сондай-ақ археологтардың кейбір мәліметінше, тышқанды аулағаннан кейін, ұзақ уақыт суға салып қоятын көрінеді. Негізінен, тышқан инфекциялық ауру таратушы болғандықтан, сол заманда оны суда ұзақ ұстап, сол арқылы ауруы сумен ағып кетеді деген түсінік қалыптасқан екен. Жалпы механизміне келсек, қақпанның құрылымы өте сирек әрі таңсық болып келеді. Пішіні цилиндр тәрізді болып жасалынады. Арнайы дөңгеленіп дайындалған. Сондықтан да мұны өте сирек кездесетін жәдігер ретінде қабылдап отырмыз. Өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл қақпанды ежелде тек бай-бағландар ғана пайдаланған деген тұжырымға келіп отырмыз. Осы орайда айта кету керек, сирек кездесетін жәдігер диірменнің, дән үккіштің, қыш құмыралардың жанынан табылып отыр. Ғалымдар бұл жәдігерді IX-X ғасырлармен мерзімделеді деген деректі алға тартады», — деп ойын толықтырды музейдің бөлім меңгерушісі.

Оның айтуынша, қалашықта қазба жұмыстары нәтижесінде табылған барлық жәдігерлер музей қорына жинақталуда. Ондай экспонаттардың әрбірі алдымен өңделіп, реставрация жасалып, қажетті мәліметтер жинақталған соң ғана музейге табысталады екен.

Жалпы, ортағасырлық Жанкент шаһарына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу ісі 2005 жылдан бастау алады. Оған еліміздің археологтарымен қоса, Ресей, Германия, Ұлыбритания ғалымдары да өз үлестеріп қосып жүр. Мамандар қазба жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын тауып, құм қойнауына жасырынған ежелгі өркениеттің әлі талай құпиясы ашылатынына нық сенім білдіріп отыр.

**Сол заманда қалада құмыра жасаушы, ұсақ қолөнерші, қару-жарак шығарушы зергерлер көп болған деседі. Өз заманында Жанкенттің сырты үш орам суға толтырылған орлармен қоршалыпты. Қаланың сырттан келетін саудагерлермен қарым-қатынас жасайтын төрт қақпасы болса керек. Түрлі зергерлік қолөнер бұйымдарының ордасы болған екен.**

ескі қала. Нақты айтқанда, оғыз мемлекетінің астанасы болған Жанкенттің гүлденуі IX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Сол заманда Жент (Арал) теңізі маңынан үлкен тұз кені табылып, шаһардың Қытай, Үндістан, Иран елдерімен сауда-саттық қатынастары нығая түскен көрінеді. Соның негізінде Қыпшақ тайпалары Қарлан

Жалпы, көне Жанкенттен табылған жауһар жәдігерлер Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі құндылығы жоғары экспонаттар қатарына жатқызылып отыр. Олардың қатарында қыш пен асыл тастардан жасалған бұйымдармен қатар, Сыр өңіріндегі алғашқы олжа — ежелгі әдіспен жасалған осы «тышқан қақпаны» бар.

## ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

1 АҚПАН 2025 | СЕНБІ



Жақында Солтүстік Каролина университеті Медицина мектебінің ғалымдары смарт сағаттар жүрегі дімкәс науқастардың уайымын күшейтті дейтін қызықты зерттеу нәтижесін ұсынды. Сауалнамаға қатысқандар аталмыш құрылғы жүрек қағысы нашарлағанын дәлме-дәл көрсететінін және бұған жиі алаңдайтынын айтқан. Шын мәнінде, бүгінде ақылды сағаттар уақыттан ғана хабар беріп қоймай, ауа райы, адамның қадамы, жүрек қағысы, тіпті қан қысымы жайлы нақты дерек ұсына алады. Әйтсе де, аталмыш құрылғының даму тарихы түрлі технологиялық шешімдерге толы болған.

болды. Бұл құрылғының мини-дисплейінен телевизиялық бағдарламаларды тікелей көруге мүмкіндік туды. Алайда сол кездегі технологияның даму кезеңі телевизиялық компоненттерді сағаттың кішкентай корпусына толығымен енгізуге мүмкіндік бермеді, сондықтан Seiko TV Watch-қа қосымша үлкен ТВ-қабылдағыш жалғауға тура келді. Сәйкесінше, бұл шешім жалпылама қолданысқа енебеді. Ойлап қарасақ, қазіргі күннің өзінде ақылды сағаттарда ешкім нәзік ұсынған RC сериясы компьютермен синхрондалып, қазіргі смарт сағаттардың нағыз бастаушысы болды. Жаңа технологиялар жарысына тағы бір сағат бренді – жапондық Casio қосылып, СМD-40 моделін шығарды. Бұл сағаттар калькулятор, мини-ойындар және тұрмыстық техниканы басқаруға арналған қашықтан басқару пультімен жабдықталды. Соң-

Samsung сағатты телефонмен тілдестірудің маңызын жақсы түсінді. 1999 жылы Samsung таныстырған SPH-WP10 үлгісін телефон әрі смартсағат деуге болады. Компания осындай бірнеше құрылғы шығарды, бірақ олар айтарлықтай танымал болмады.

Осы кезеңде IBM компаниясы Linux Watch сағатын ұсынды. Ол Linux операциялық жүйесінде жұмыс істеп, компьютер және телефонмен тілдесе алды. Аталмыш құрылғы электронды поштаны тексеруге, ауа райы жайлы ақпарат алуға және пейджер қызметін пайдалануға мүмкіндік берді. Сондай-ақ Microsoft компаниясы SPOT (Smart Personal Objects Technology) жобасын ұсынды. Бұл идея сағаттар арқылы тұрмыстық техниканы басқаруды көздеді. Алайда ақылды сағаттар техникамен байланысуы үшін ескі технология – радиожіліктер пайдаланылды. Сол үшін жоба сәтсіздікке ұшырап, тез арада жабылды. Дегенмен Microsoft SPOT идеясы қазіргі смартфондарда жүзеге асты. 2003 жылы Garmin Forerunner спорт сағаты шықты, ол қадам мен калорий шығынын есептей алды. Қазіргі смарт сағаттар мен фитнес-трекерлер үшін бұл қызметтер стандартқа айналды.

## СЫРТЫ АҚЫЛДЫ



ӨТЕ АҚЫЛДЫ

# сағаттар

Техносарапшылар адамзаттың салауатты өмір салтын ұстануға деген ұмтылысы ақылды сағаттардың дамуына сатылымы айтарлықтай ықпал еткенін айтады. Market Research Future дерегінше, 2023 жылы аталмыш құрылғы әлемдік нарықтағы көлемі 42,39 миллиард АҚШ доллары деп бағаланды. Былтыр бұл көрсеткіш 0,2 пайызға өсті. Canalys сарапшылары ақылды сағаттар нарығының көшбасшысы ретінде Apple мен Huawei-ді атайды. Былтырғы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Apple үздік болса (23,2%), жыл нәтижесінде Huawei алға шыққан (үлесі – 16,9%). Одан кейін Samsung мен Garmin – 15 және 11 пайыздан. Ал фитнес-трекерлер сегментінде ең танымал құрылғыларды өндіруші – Xiaomi болды, ол нарықтың 40 пайызына ие.

### АЛҒАШҚЫ СМАРТ САҒАТ

Смарт сағаттар соңғы онжылдықтың жаңалығы болғанымен,

оның тарихы сонау жетпісінші жылдардан бастау алады. Бұл гаджеттің «атасы» – Pulsar Time Computer, оны 1972 жылы Hamilton Watch Company компаниясы нарыққа ұсынды. РТС-дің дәстүрлі сағаттан ерекшелігі циферблат пен сағат тілінің орнына электронды дисплей қолданылды. Сол жылдары аталмыш инновациялық шешім көпқызметті сағаттар индустриясының алғашқы қадамы болды. Жапондық Seiko компаниясы бұл брендтің болашағына сеніп, Pulsar-ды сатып алды және технологияны дамытуға кірісті. Seiko жетекшілігімен Pulsar NL C01 сағаты жасалды, ол уақытты ғана емес,



Онжылдықтың басында ақылды сағаттармен алғаш тәжірибе жасаған жапондық компаниялар болғанымен, смарт құрылғыны Samsung танымал қылды.

датаны көрсете алды. Кейінірек, Pulsar Data 2000 нарыққа шықты, оның ескертпе жазуға және калькулятор қолдануға мүмкіндік беретін сыртқы сымсыз пернетақтасы болды.

### ТЕЛЕДИДАРЛЫ САҒАТ

Seiko компаниясы бұл бағыттағы тәжірибесін жалғастыра берді және жалпыға «қызықты» болатын ақылды сағаттар ұсынуды армандады. Сөйтіп, Seiko TV Watch теледидарлы сағаттар пайда

ғысы қазірге дейін жетіп, Xiaomi смартфондарында сақталған.

### ДЕРБЕС ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА ҰМТЫЛЫС

Екі онжылдық бойы смарт сағаттар Seiko мен Casio белгілеген бағыт бойынша дамыды. Алайда оңтүстіккореялық Samsung компаниясы жағдайды өз пайдасына өзгертіп, телефон қызметі бар сағаттар ұсынды. Бұл толықтай дербес құрылғы жасауға кезекті талпыныс болды, алайда

### СМАРТФОННЫҢ СЕРІКТЕСІ

2010 жылдардың басында барлық смартфон өндірушілері смарт сағаттар дербес құрылғы емес, смартфонның серіктесі болуы керектігін айқын түсінді. Онжылдықтың басында ақылды сағаттармен алғаш тәжірибе жасаған жапондық компаниялар болғанымен, смарт құрылғыны Samsung танымал қылды.

2013 жылы Samsung Galaxy Gear нарыққа шықты, оның алғашқы нұсқасы Android-та, кейін Tizen операциялық жүйесінде жұмыс істеді. Айта кетейік, Samsung-тің осы жетістігі Apple-ді смарт сағаттар нарығына кіруге ынталандырды, 2015 жылы алғашқы Apple Watch сатылымға шықты. Фитнес-трекерлер қолжетімді балама ретінде қатар дамыды. Бүгінде нарықта Apple, Samsung, Garmin және Huawei-дің өнімдері басым.

Асыл ТҰМАР



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы  
Алтай Байыржанқызы – Алматы қаласы  
Сағхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы  
Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4552  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,